

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

2025-2026 оқу жылының тәрбиелік іс шара

«Еркемай» ересек тобы

Орындаған: А.Н.Едресова

2025-2026 оқу жылының ересек топ «Еркемай» тобының тәрбиелік -іс шара жоспары

№	Тәрбиелік-іс шара атауы	Мақсаты	Айы
1	«Білім – болашаққа бастар жол»	Балабақша туралы түсінік беру	Қыркүйек
2	«Тілім – менің тірегім»	Балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілдің қадір- қасиетін түсіндіру.	Қыркүйек
3	«Жомарт күз»	Табиғатты аялауға, еңбекқорлыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қазан
4	«Қарттарым асыл-қазнам»	Балаларды үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Қазан
5	«Мен Отаныммен -мақтанам!»	Балаларға Қазақстан туралы, туған жері туралы түсінік беру.	Қазан
5	«Дүкен ойындары»	қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту	Қараша
6	«Республикам – мақтанышым!»	Отанға деген мақтаныш сезімін оятып, патриоттық тәрбие беру.	Желтоқсан
7	«Қыс қызықтары»	«Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ»	Желтоқсан
8	«Жаңа жыл келді»	Жаңа жылдық	Желтоқсан

		көңіл күй сыйлау.	
9	«Менің құқықтарым»	Тәртіп құқық туралы үйрету.	Желтоқсан
10	Әжем айтқан ертегі	«Ақыл татау тәртіппен»	Желтоқсан
11	«Мамандықтар әлемі»	Әр түрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту.	Ақпан
12	«Мен зерттеушімін»	Танымдық эксперименталдық іс-әрекет	Ақпан
13	«Шын жүректен кітап сыйла»	«Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы»	ақпан
14	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс!»	Өзіне жақын адамдарына алғыс айту, сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
15	«Ана»	Анамызды, әжемізді сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
16	«Көрісу ізгі дәстүр!»	Көрісу туралы түсінік беру	Наурыз
17	«Наурыз- жыл басы»	Қазақтың ұлттық мейрамы, наурыз көже, бауырсақ туралы түсініктерін кеңейту.	Наурыз
18	«Ғарышқа саяхат»	Аспан денелерімен, ғарышкерлер туралы түсінігін кеңейту.	Сәуір
19	«Құстарға қамқор болайық»	«Дос ізде, егер тапсаң қамқор бол»	Сәуір
20	«Сән салоны»	Сюжеттік –рөлдік ойын	Сәуір
22	«Достығымыз жарасқан»	Ұлт өкілдері	Мамыр

		туралы түсінігін кеңейту.	
22	«Батыр болам мен ертең»	Балаларды отанын сүйуге патриоттық тәрбие туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
23	«Бейбіт күн жасасын»	Ата әжелеріміздің ерлігі туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
24	«Балалықтан болашаққа»	Балалар балабақшамен қоштасып, мектепке жол тартты.	Мамыр
26	«Менің Отбасым – бақыт мекенім»	Қабырға газеті	Мамыр
26	«Адалдық дүкені»	«Адам құрметіне бөленемін десең, өзін де құрметтей біл»	
27	«Менің әкем полицей»	Сурет байқауы	

«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: «Білім – болашаққа бастар жол»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жыл

Тақырыбы: «Білім – болашаққа бастар жол»

Жасы: Ересек топ (4жас)

Өтетін орны: Музыка залы / топ бөлмесі

Кіріспе бөлім

(Балалар музыкамен залға кіреді, шеңбер болып тұрады)

Тәрбиеші:

Қайырлы күн, балалар!

Бүгін ерекше күн – **1 қыркүйек, Білім күні!**

Бүгіннен бастап біз жаңа білім әлеміне қадам басамыз.

Балалар (бірге):

Сәлем, алтын күн!

Сәлем, жаңа оқу жылы!

Ән орындау

Балалар «Біз мектепке барамыз» немесе «Білім әлемі» әнін орындайды.

Тәрбиешінің сөзі

Білім күні – барлық балалардың мерекесі.

Біз бүгін оқуды, жазуды, санауды, достықты үйренуге дайынбыз.

Кейіпкерлердің келуі

(Залға «Кітап», «Әліппе», «Дана қоян» немесе «Білім перісі» кіреді)

Кітап:

Сәлем, балалар! Мен – Кітаппын.

Мен сендерге көп білім беремін.

Әліппе:

Мен сендерге әріптерді үйретемін!

Дана қоян:

Ал мен сендермен ойын ойнаймын!

Ойын: “Дұрыс жауапты тап”

- Қыс мезгілінде не жауады?
- Ата-анаңды қалай атаймыз?

Балалар жауап береді.

Жаттығу-ойын: “Кім жылдам?”

- Түстерді атау
- Пішіндерді табу
- Жануарларды ажырату

Өлең оқу

Балалар қысқа өлеңдер айтады:

Бала 1:

Білім күні келді,
Қуанышпен жетті.

Бала 2:

Ойнаймыз да, оқимыз,
Ақылды боп өсеміз.

Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

Жарайсыңдар, балалар!
Бүгін сендер білімге алғашқы қадам жасадыңдар.

Балалар:

Рақмет, білім әлемі!

Мерекелік би

Балалар көңілді би билейді.

Соңы

Тәрбиеші балаларға алғыс айтып, тәтті сыйлықтар немесе медальдар таратады.

Есебі

Балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: «Тілім — менің
тірегім»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Сценарий: «Тілім – менің тірегім»

Мақсаты: Балаларға туған тілдің қадір-қасиетін түсіндіру, өз ана тілін сүйуге, құрметтеуге, басқа ұлт өкілдеріне сыйластық танытуға тәрбиелеу.

Топ: Ересек «Еркемай» тобы

Көрнекілік: Ту, түрлі ұлттың киімдері, шарлар, плакаттар «Тіл – достықтың кілті», «Тіл мерекесі құтты болсын!»

Музыка: Ән – «Ана тілім – ардағым»

Тәрбиеші:

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ата-аналар мен балалар!

Бүгін біз ерекше мерекеге жиналып отырмыз.

Бұл – Қазақстан халықтарының тілдері мерекесі!

Мерекеміздің аты – Баршаға ұран іспетті: «Тіл – татулық тірегі!»

1-бөлім: Кіріспе

(Сахнаға ұлттық киім киген балалар шығады.)

Дарина:

Тілім менің – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Тілім өссе – мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім – мен де бірге өшемін!

М.Медина:

Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім!

Балым:

Ана тілі – халықтың жаны,

Сол арқылы танимыз мәнін.

Қазақ тілі – ұлттың байлығы,

Сақтайық, ағайын, қадір-қасиетін!

Тәрбиеші:

Жарайсындар, балалар!

Тіліміз – достық пен бірліктің кілті. Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді.

-Қане, кім айтады, Қазақстанда қандай ұлттар бар?

Балалар:

Қазақтар, орыстар, ұйғырлар, кәрістер, немістер, өзбектер...

2-бөлім: Көпұлтты достық сахнасы

(Сахнаға әр ұлттың киімін киген балалар шығып, өз тілінде сәлемдеседі.)

Орыс баласы:

Здравствуйте, друзья!

(Қазақша жалғастырады)

Барлықтарыңызға бақыт тілеймін!

Ұйғыр баласы:

Яхшимусиләр, достлар!

Достық – біздің күніміз!

Қазақ баласы:

Сәлеметсіздер ме, құрметті достар!

Біздің еліміз – бейбіт ел!

Тәрбиеші:

Міне, көрдіңдер ме балалар,

Қанша ұлт болсақ та – бәріміздің Отанымыз бір,

Тіліміз әртүрлі болса да – жүрегіміз бір!

3-бөлім: Би

(Балалар қазақ биін немесе «Достық биін» орындайды.)

4-бөлім: Тақпақтар

Аяла:

Қазақ тілі – өз тілім,
Туған тілім, анамсың.
Сенен басқа жоқ менің,
Өзге тілім, баламсың!

Айлин:

Тілім менің – тірегім,
Тілім менің – жүрегім.
Тілім менің – өмірім,
Барлық асыл тілегім!

Әміре:

Туған тілім – бабам тілі,
Болашаққа барам тілі.
Сен болмасаң, дүние бос,
Сен арқылы табам нұрды!

5-бөлім: Ойын – «Сөз тап»

Мақсаты: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту.

Тәрбиеші:

Қазір мен қазақша сөз айтамын, сендер жалғасын табасыңдар!

Мысалы:

- Сәлем... (балалар: етсіздер ме!)
- Рахмет... (балалар: сізге!)
- Қайырлы... (балалар: таң!)
- Ана тілім... (балалар: қазақ тілі!)

6-бөлім: Ән

Барлығы бірге орындайды:

«Ана тілім – ардағым» әні

7-бөлім: Қорытынды сөз

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз тілдің қадірін ұқтық.

Тіліміз – татулықтың, бірліктің, елдіктің тірегі.

Сондықтан ана тілімізді сүйіп, әрқашан таза сөйлейік!

Барлығы бірге:

Тілім барда – мен бармын!

Тілім барда – елім бар!

Тілім – менің мақтанышым!

Тіл мерекесі – құтты болсын!

Анықтама

«Тілім – менің тірегім» Тобы: Ересек топ Балалар саны: 25 Өткізілген күні: (күні жазылады) Бүгін балабақшада Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған «Тілім – менің тірегім» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдің қадір-қасиетін түсіндіру, сөздік қорын дамыту және өз ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу. Мерекеге 25 бала толық қатысты. Балалар тіл туралы тақпақтар айтып, ән шырқап, би биледі. Сонымен қатар «Сөз құра», «Жаңылтпаш айт», «Кім жылдам?» сияқты ойындар ойнатылды. Балалар белсенділік танытып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Іс-шара барысында балалар қазақ тілінің байлығы мен әсемдігін сезініп, тілге деген құрметтері артты. Мереке көтеріңкі көңіл-күймен аяқталды,



Тақырыбы: **«Жомарт күз»**

Орындаған тәрбиеші: **Едресова А.Н.**

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші:Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті « Еркемай»тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күзге сый» атты көрмемізге қош келдіңіздер.

Ел байлығын арттырған,

сары алтындай сары күз

бізге дәмді жемістерін,

қамбаға толы астығын сыйлады .

Ендеше « Алтын күз сый» атты көрмемізді бастаймыз.

Балалар хормен :

Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

Тәрбиеші:

Қызыл жасыл,сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайық ,би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«Күз тамаша» әнін тыңданыздар.

Жүргізуші Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Асылым:

Күздің қазан айында

Алма,алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр,сыбдыр түседі

Баян:

Күн суытып жапырақтар түседі

Астық жеміс жиылды

Қамбаға құйылды

Жаннұр:

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Айзия :

Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Уалихан :

Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз
Аяла :

Алтын,сары, кызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап
Медет Медина:

Қуандырып бізді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз
Аиша:

Алтын ,сары,қызыл, көк
Алуан,алуан ,жапырап
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ

Ойын бүлдіршіндермен: «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.

Жүргізуші :

Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлайық

Би билейік ойнайық-деп « Алтын күз» әнін қарсы алыңыздар.

Осымен «Алтын күз сыйы» атты көрмеміз аяқталды. Бүлдіршіндер қолдан керемет қолөнер жасап келген екен. Соларды тамашалайық.

Анықтама

Балабақшамызда ересек топ (25 бала) арасында «Алтын күз» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрменің негізгі мақсаты – балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрмеге барлық 25 тәрбиеленуші белсенді қатысты. Балалар ата-аналарымен бірлесе отырып, табиғи материалдардан (жапырақтар, көкөністер, жемістер, бұтақтар) түрлі қолөнер бұйымдарын жасады. Әрбір жұмыс ерекше идеямен, ұқыптылықпен орындалды. Көрмеде күзгі композициялар, ертегі кейіпкерлері, жануарлар бейнесі, түрлі сәндік бұйымдар ұсынылды. Балалардың жұмыстары олардың қиялының кеңдігін, шығармашылық қабілеттерінің жоғары екенін көрсетті.

Іс-шара барысында балалар күз туралы тақпақтар айтып, өз жұмыстарын таныстырды.

Көрме ата-аналар мен тәрбиешілер тарапынан жоғары бағаланды.

Қорытындылай келе, «Алтын күз» көрмесі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, еңбекке баулуға және ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты нығайтуға үлкен ықпал етті.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Қарттарым —
асыл қазынам»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Сценарий: «Қарттарым – асыл қазынам»

Топ: Ересек «Еркемай» тобы

Мақсаты: Балаларды үлкендерді құрметтеуге, ата-әжесін қадірлеуге тәрбиелеу. Қарттарға деген ізгі сезімдерін дамыту, мейірім мен қамқорлыққа баулу.

Безендіру: Залда «Қарттарым – асыл қазынам», «Ата-әжем – ардағым» деген жазулар, гүл шоқтары, жүрек пішінді қағаздар, ұлттық өрнектермен безендірілген сахна.

Музыка:

– «Анашым», «Әжем-ай», «Қарттарым аман-сау болсын», «Ата мен әже» әндері.

Тәрбиеші:

Қайырлы күн, құрметті ата-әжелер, қонақтар және балалар!

Бүгінгі мерекеміз – қазыналы қарттарға арналған ерекше күн.

Бұл күн – мейірім мен құрмет, алғыс пен ізгі тілекке толы мереке.

Сол себепті мерекеміздің аты – «Қарттарым – асыл қазынам!»

1-бөлім: Кіріспе сөздер

Аиша:

Ата – біздің тірегіміз,

Әже – біздің жүрегіміз.

Қарттар бізге өнеге,

Үлкендердің тілегі – елге де керек өнері!

Айзия:

Қариялар – алтын қазына,

Өмірдің мәні, сәні де.

Ата-әжем аман болса,

Бақытты біз бәріміз де!

Алима:

Ата – ақыл, әже – мейірім,

Екеуі де – үйдің киесі.

Бүгінгі күн – қарттар күні,

Бақыт пен шаттық иесі!

Ән: «Ата мен әже»

(Балалар қосылып орындайды. Сахнада ата мен әжеге арнап би элементтері орындалады)

2-бөлім: Сахналық көрініс «Ата ақылы»

Кейіпкерлер:

- Ата
- Әже
- Немерелер

(Сахнада ата мен әже орындықта отырады. Немерелер жүгіріп келеді.)

Немере 1:
Ата, біз сізге көмектесеміз!

Ата:
Жарайсыңдар, қарақтарым. Үлкенге көмек – ізеттің белгісі.

Әже:
Бізге қамқор болсаңдар, өмірлерің нұрлы болады.

Немере 2:
Ата, бір ақыл айтыңызшы?

Ата:
Адам бол, балам, адал бол,
Еңбек етсең – еліңе жарар бол.
Қарттарға құрмет көрсетсең,
Өзің де сыйлы боларсың!

(Балалар иіліп амандасып шығады.)

3-бөлім: Тақпақтар

Бала 1:
Атам менің асқар тауым,
Әжем менің баға жетпес бағым.
Құшағыңда мейірім бар,
Сол мейірім – менің бағыма нәр!

Бала 2:
Әжем менің ақ ниетті,
Күлкісі бар шуақты.
Мен де әжемдей боламын,
Мейірімді, қуатты!

Айсезім:
Ата – дана, сөз төресі,
Әже – үйдің берекесі.
Қарттар күні – мереке,
Мейірімге толы береке!

Ән: «Әжетайм»

Балалар хормен айтады

4-бөлім: Ойын «Әжемнің себеті»

Мақсаты: көңілді сәт, қарттарға арналған сыйлық ойыны.

Тәрбиеші:

Әжемнің себетінде түрлі заттар бар, бірақ ол заттарды табу үшін жұмбақтарға жауап беру керек.

Мысалы:

1. Үлпілдек, аппақ нәрсе,
Төсекке салып жабамыз. (Жауабы: көрпе)

2. Шай ішеміз онымен,
Дөңгелек пішінді әдемі. (Жауабы: кесеге)

3. Аяғымызға киеміз,
Жылытады қыста бізді. (Жауабы: шұлық)

(Жауап берген бала себеттен кішкентай сыйлық алады.)

5-бөлім: Ән

Би: «Қазақ » биі.

6-бөлім: Қорытынды сөз

Тәрбиеші:

Қадірлі ата-әжелер!

Біз сіздерді құрметтеп, мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз.

Балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көре беріңіздер!

Барлығы бірге:

Қарттарым – асыл қазынам,

Тірегім, нұрлы ғазынам.

Аман болыңыз, ата-әже,

Бақытқа толсын әр күніміз!

Барлығы бірге: «Ата-әже» әнін орындап, мерекені аяқтайды.

Анықтама

Өткізілген күні: 1 қазан

Тобы: Ересек топ

Балалар саны: 25

Тәрбиеші: Едресова А.Н.

1 қазан – Қариялар күніне орай балабақшамызда мерекелік тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балаларға үлкендерді құрметтеу, ата-әжелерге деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру болды.

Тәрбие сағаты барысында балаларға қариялардың қоғамдағы орны, олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесінің маңызы туралы түсінік берілді. Балалар ата-әжелеріне деген құрметтерін білдіріп, жылы сөздер айтты.

Іс-шара барысында:

Балалар ата-әже туралы тақпақтар айтты;

Ән айтып, би биледі;

«Ата-әжеге көмектесемін» тақырыбында ойындар ұйымдастырылды;

Құттықтау сөздер мен тілектер айтылды.

Балалар мерекеге белсене қатысып, үлкендерге деген құрмет пен ізеттілік көрсетті. Іс-шара мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.

Қорытынды:

Бұл мерекелік іс-шара балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытып, қарияларға деген құрметін арттыруға ықпал етті.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

**Тақырыбы: «Мен Отаныммен —
мақтанамын!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Сценарий: « Мен Отаныммен– мақтанамын!»

Мереке: 25 қазан – Республика күні

Топ: Ересек «Еркемай» тобы

Мақсаты: Балаларды Отанын, елін, жерін сүйуге, тәуелсіз елдің азаматы екенін сезінуге тәрбиелеу. Мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін бекіту, патриоттық сезімдерін арттыру.

Безендіру: Залда Қазақстан туы, елтаңба, шарлар көк және сары түсте, плакаттар:

«Менің елім – Қазақстан!», «Республикам – менің мақтанышым!», «25 Қазан – Республика күні құтты болсын!»

Музыка:

– «Менің елім», «Елім менің», «Туған жер», «Көк туым желбіре» әндері

Тәрбиеші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар!

Бүгін – ерекше күн, еліміздің тарихындағы маңызды мереке –

25 Қазан – Республика күні!

Бұл – еліміздің егемендігін, бірлігін, бейбіт өмірін дәріптейтін қасиетті күн.

Бүгін біз өз Отанымыздың даңқын дәріптеп, ән мен жыр, би арқылы мерекемізді атап өтеміз!

1-бөлім: Кіріспе сөздер

(Балалар қолдарына кішкентай ту ұстап, сахнаға шығады.)

Асылым:

Қазақстан – туған елім,

Кең байтақ жерім, өркенім.

Тәуелсіз, азат елім бар,

Мақтан етем, сенемін!

Айлин:

Көк байрағым желбіреп,

Бейбіт күнге жеткізді.

Елім менің еңселі,

Республикам – теңдігім!

М.Медина:

Елтаңбамыз – айғағы,

Тәуелсіздік – байрағы.

Бейбіт өмір сүрейік,

Мәңгі жасай бер, Отаным!

Ән: «Көк туым менің желбіреп»

(Балалар хормен орындайды.)

2-бөлім: Сахналық көрініс – «Бірлік – ел тұғыры»

Кейіпкерлер: Қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, кәріс балалары

Қазақ баласы:

Сәлеметсіздер ме, достар! Мен – қазақ баласымын.

Біздің еліміз – бейбіт ел. Біз достықта өмір сүреміз!

Орыс баласы:
Здравствуйте, друзья!
Я люблю Казахстан, это мой дом, моя Родина!

Ұйғыр баласы:
Яхшимусиләр, достлар!
Достық – біздің бақытымыз!

Кәріс баласы:
Анян хасейо! Мен де Қазақстанда туғанмын.
Біздің еліміз – бар ұлтқа ортақ шаңырақ!

Барлығы бірге:
Біз – Қазақстан баласымыз!
Бір ел, бір тағдыр, бір мақсат!

3-бөлім: Тақпақтар

Ибраһим:

Көк аспандай көк туым,
Желбірейді елімнің.
Төбемде нұр төгілген,
Тәуелсіздік – төрімнің!

Баян:

Елтаңбамыз – нұр белгі,
Күн астында қанатты.
Шаңырақтай бірлікті,
Әр үйімде сақтайды!

Жаннұр:

Республикам – кең елім,
Бақытты өмір, бейбіт күн.
Туған жерім – Қазақстан,
Мақтан етем мен сені!

Ән: «Отан менің»

(Балалар көк ту ұстап, шеңбермен би қимылдарын орындайды.)

4-бөлім: «Таны рәмізді!» ойыны

Тәрбиеші:
Ал енді балалар, еліміздің рәміздерін еске түсірейік.
Мен сұрақ қоямын, сендер жауап беріңдер.

1.Қазақстанның туында қандай түс бар?

Балалар: Көк түс!

2.Елтаңбада не бейнеленген?

Балалар: Шаңырақ, қанатты тұлпарлар!

3.Қазақстанның елордасы қай қала?

Балалар: Астана!

4.Гимн қашан орындалады?

Балалар: Мерекеде, ресми іс-шараларда!

5-бөлім: Қорытынды

Тәрбиеші:

Бүгін біз өз еліміздің – Қазақстан Республикасының
тәуелсіздігі мен бірлігін ұлықтадық.

Республикамыз мәңгі бейбіт, халқымыз бақуатты болсын!

Барлығы бірге:

Республикам – менің елім,

Республикам – менің жерім.

Көк туым желбіресін,

Бейбіт болсын ел іргеміз!

Әнмен аяқтау:

«Елім менің» (балалар қол ұстасып орындайды).

Анықтама

Балабақшамызда 25 қазан – Республика күніне орай ересек топ тәрбиеленушілерімен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – балаларға Отан туралы түсінік беру, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие қалыптастыру. Іс-шараға ересек топтың 25 тәрбиеленушісі толық қатысты. Мереке барысында балалар Қазақстан туралы тақпақтар айтып, әндер орындады. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктері кеңейтіліп, олардың мағынасы түсіндірілді.

Балалар «Отан», «Қазақстан», «Туған жер» тақырыптарында әңгімелесіп, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, шағын көріністер қойылып, ұлттық ойын элементтері енгізілді. Бұл балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділіктерін көтерді.

Іс-шара барысында балалардың патриоттық сезімі, сахна мәдениеті, өз ойын жеткізе білу дағдылары дамыды. Барлық тәрбиеленушілер мерекеге белсене қатысып, көтеріңкі көңіл-күйде болды.

Қорытындылай келе, Республика күніне арналған іс-шара өз деңгейінде өтіп, тәрбиелік маңызы жоғары болды.



«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойын анықтамасы

Топта «Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: балаларды сатушы мен сатып алушының қызметімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

Ойын барысында балалар өзара сатушы, сатып алушы және кассир рөлдерін бөлісіп, ойыншық азық-түліктер мен тұрмыстық заттарды пайдаланып сауда жасады. Балалар бір-бірімен сыпайы сөйлесіп, кезек сақтап, тауарды таңдау, сатып алу және есеп айырысу әрекеттерін орындады. Ойын барысында әдептілік сөздерін («Сәлеметсіз бе?», «Рақмет», «Сау болыңыз») орынды қолданды.

Іс-шара нәтижесінде балалардың коммуникативтік қабілеттері, шығармашылық белсенділігі, өзара ынтымақтастық дағдылары дамып, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды ойын арқылы меңгеруге мүмкіндік алды. Қойылған мақсат толық орындалды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: «Республика-
мақтанышым!»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

«Республикам— мақтанышым!»

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік сценарий (ересек топ)

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, Тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және бүлдіршіндер! Баршаңызды 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Тәуелсіз еліміздің көк байрағы әрдайым биікте желбірей берсін!

(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.)

Жүргізуші:

Тәуелсіздік – халқымыздың ең қымбат қазынасы. Бүгінгі мерекеде балаларымыз өз өнерлерін сіздерге ұсынады.

Ән: «Отаным – Қазақстан» (балалардың орындауында)

Жүргізуші:

Біздің еліміз – бейбітшілік пен достықтың мекені. Әрбір бала өз Отанын мақтан тұтады.

Ойын

«Көк туды құрастыр»

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, Қазақстан Туының бөліктерін құрастырады.

Ән: «Көк тудың желбірегені»

Жүргізуші:

Тәуелсіз еліміздің болашағы – сендерсіңдер. Білімді, өнерлі, Отанын сүйетін азамат болып өсіңдер!

Қорытынды:

Барлық балалар бірге:

Тәуелсіз еліміз жасасын!

Қазақстанымыз гүлдене берсін!

(Мереке балалардың ортақ биімен аяқталады.)

Қортынды

Ересек топта 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балаларға Тәуелсіздіктің мәнін түсіндіру, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Мерекелік бағдарлама Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталды. Балалар Отан, Тәуелсіздік, туған жер туралы тақпақтарын мәнерлеп айтып, патриоттық әндер орындады. Сондай-ақ ұлттық және заманауи билер билеп, өз өнерлерін көрсетті.

Іс-шара барысында «Көк туды құрастыр», «Рәміздерді тап» сияқты танымдық ойындар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Мереке барысында тәрбиеленушілер Қазақстан туралы білімдерін көрсетіп, өз елін мақтан тұтатынын білдірді.

Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қойылған мақсат толық орындалып, тәрбиеленушілердің Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етті.




Ойын: «Бағдаршам»

Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, зейінін арттыру.

Ойын барысы:

- **Жасыл** – балалар жүгіреді немесе қар үстінде еркін қозғалады.
- **Сары** – баяу жүреді.
- **Қызыл** – тоқтап, қимылсыз тұрады.

<https://www.instagram.com/reel/DT0H2QRDAzA>



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Жаңа Жыл келді!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Жаңа жыл келді!

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт береке, ырыс алып келсін! Жаңа жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын! Әрқашан той болсын дей отырып, біздің «Еркемай» тобымыздың «Кел Жаңа жыл!» ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

(Балаларды залға кіреді)

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы.

Әуен ырғағымен залға сиқыршы кіреді.

Сиқыршы: Сәлеметсіңдер ме, қымбатты достар! Мен сиқырлы, әрі көңілді сиқыршымын. Сиқырлық менің мамандығым. Шынымды айтсам, достар, сиқырлықсыз өмір сүре алмаймын!

Жүргізуші: Олай болса, балалар, сиқыршымен бірге ән орындайық. (Балалар тұрып ән орындайды)

Ән: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Құрметті сиқыршы, біздің балабақшаға қонаққа келгеніңізге өте қуаныштымыз! Өйткені бүгін балалардың және үлкендердің ең сүйікті мерекесі. Бізбен бірге ән айтып, би билеңіз!

Сиқыршы: Бұл мерекенің аты қандай?

Балалар: Жаңа жыл!

Сиқыршы: Ол қайдан келді? Мен шынымен білгім келеді, Жаңа жыл дегеніміз не?

Жүргізуші: Ендеше, біз сізге Жаңа жыл туралы бәрін айтып береміз.

Балалар ортаға шығып Жаңа жыл туралы тақпақтарын айтады.

Тақпақтар:

Муханова Медина:

Қош келдіңдер шыршаға,

Көңіл сыйлап баршаға.

Сүн-сүйкімді балалар,

Ардақты ата-аналар.

Айзия:

Асыға күткен жаңа жыл.

Төрімізге келеді.

*Жаңа жылмен әр үйге,
Береке , бақыт енеді.*

Алима:

Шырша, шырша қандайсың,
Жарық берген шамдайсың.
Жалт-жұлт етіп әрқашан,
Қуантудан талмайсың.

Баян:

Шырша шамын жағады,
Әй-әй моншақ тағады.
Бар бала оны айналып,
Әсем әнге салады.

Аиша:

Шыршаны шыр айналып,
Мерекеге сайланып.
Би билеп, ән жаттадық,
Жалқауланып жатпадық.

Амина:

Жасыл түске боялған,
Шамын жағып оянған.
Шыршамыз бар көрікті,
Ортаға сән беріпті.

Нурәли:

Жаңа жылды сағынған,
Қыста ақ қар жамылған.
Шыршамыз бар тамаша,
Сәнденеді жаңаша.

Р.Асылай:

Шыршаға арнап ән салдық,
Көркіне қарап тамсандық.
Жаңа жыл келді алақай
Деп баршаға жар салдық.

Сиқыршы: Сондықтан мұнда көңілді бола ма? Аяз ата осында келе ме?

Жүргізуші: Иә, Аяз ата келіп барлықтарыңа сыйлықтар алып келеді. Сондықтан, құрметті сиқыршы бізге көмектесіз бе?

Сиқыршы: Әрине көмектесемін, достар! Бірақ ... мен оны білмеймін. Сіз ол туралы маған айтыңызшы.

Жүргізуші: Аяз ата кім? Сұраққа жауап берейін! Ол ұзын ақ сақалымен, қызыл мұрыны бар, қызыл шапан киген үлкен ата.

Сиқыршы: Түсіндім, түсіндім. Ал енді , менің достарым

(қалтадан қоңырауды алып, Сиқыршы қоңырауымен сылдырлап көңілді әуенмен залға Жылан ысылдап кіреді.)

Сиқыршы: Міне, біздің Аяз атамыз!

Жүргізуші: Балалар, бұл Аяз ата ма?

Балалар, Жоқ. Бұл Жылан ғой!

Сиқыршы таң қалады.

Жылан: Сәлеметсіздер ме, менің достарым. Иә, мен Жыланмын. Жаңа жыл құтты болсын! (Жыланның аудиосы қосылады)

Сиқыршы: Ия. Көріп тұрмын. Сен Аяз ата емессің. Сенің ұзын ақ сақалың жоқ екен. Біз Аяз атаны күтіп отырмыз.

Жылан: Қоңыраумен сылдырлап сен мені өзің шақырғансың.

Жүргізуші: Жылан, қарашы, біздің балалардың арасында кішкентай бишілер бар. Аяз атамыз келгенше солардың өнерлерін тамашаласақ.

Жылан: әрине, билеуді мен жақсы көремін. Кәнекей кішкентай бишілер ортаға би билейік.

Қыздарымыздың орындауында би: «Заманауи» би

Жылан: Мен – өтіп бара жатқан Ескі жыл – Жыланмын.
Бұл жылда сендер өсіп,
Көп нәрсе үйрендіңдер.
Жақсылық та, қиындық та болды,
Бірақ бәрі артта қалды...
Енді уақыт келеді, кішкентай балаларым. Менің кететін уақытым келді менің кетуім керек.

Бәрі: Сау бол, Жылан! Жолың болсын! Бізге тағы да қонаққа кел!

(Көңілді әуен ырғағымен жылан залдан шығып кетеді.)

Жүргізуші: Аяз атаның орнына бізге Жыланды шақырдың.

Сиқыршы: Мен бір нәрсені шатастырдым. Кішкентай достарым, маған тағы да көмектесесіңдер ме? Балалар, барлығымыз бар дауысымызбен Аяз атаны шақырайық. Барлығымыз А-я-з а-т-а деп айқалайық!

(Аяз ата мен ақшақар залға кіреді, аудио қосылады)

(Аяз ата мен Ақшақар шырша қасына барады, шырша шамын жағады)

Жүргізуші: Әдемі шыршамыздың шамын жағып болсақ, Аяз атамызға арналған тақпақтарын тындайық.

Тақпақтар:

Ибарһим:

Жаңа жыл, жаңа жыл,

Жаңалық ізде сен.

Жаңа ән, жаңа жыр,

Жазғыздың бізге сен.

Жаннур:

Жаңа жылды біз тойлап,

Шаттанамыз бәріміз.

Өлең де әзір, ән әзір,
Ойында әзір, бәрі әзір.
Нұралы:
Күтіп жаңа жылды,
Бастап жаңа жырды.
Көп қуаныш күтеміз,
Сәнденіп келдік міне біз.
Айсезім:
Тышқан жылы келіпті,
Ортамызға еніпті.
Көңілді жыл болам деп,
Уәдесін беріпті.
Дарина:
Тышқанмен дос боламыз,
Есейіп бір жас толамыз.
Күнде қызық, күнде той,
Бақытты бала боламыз
Медет Медина:
Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр
Абдуллах:
Тамаша.тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.
Балым:
Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам он болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Сиқыршы қоңырауымен сылдырлатып, залға әуен ырғағымен Жылқы кіреді. (Аудио қосылады)

Жылқы: Уау! Қанша балалар, қыздар мен ұлдар Сәлеметсізбе,

Мен далада жүріп қоңыраудың дыбысын естіп сендерге келдім.

Жүргізуші: Жаңа Жылқы жылымыз қош келдің. Бізбен бірге балаларымыздың өнерін тамашалайық.

Ұлдар биі: «Қарақшылар» биі

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар Ұлдарымыздың биін тамашлап болсақ, ары қарай тақпақтарымызға кезек берейік.

Балалардың тақпақтары:

Аяла:

Ақ қар жапты даланы

Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға
Инжу:

Айналамда ұшып жүр,
Ақмамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Аққанатты көбелек.

Альбара:
Үстіме жалп-жалп жауады,
Ақ тауықтың жүніндей.
Жайнатады даланы,
Ақжібектің түріндей.

Асылым:
Ауыл маңы қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парақтап,
Қыс отырған секілді.

Мансур:
Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмаңдар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен.

Алуа:
Әкем таңдап әкелді
Ең үлгілдек шыршаны,
Иісі аңқыған шыршаны,
Жарқыраған шыршаны...
Жұпар иісі аңқыды,
Апамды да мәзқылды!

Айлин:
Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмаңдар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен.

Әміре:
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Қ.Асылай:
Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, Аяз атамыз бен Ақшақарымызға тақпақтарыңды айтып бердіңдер

Сықыршы: Балалар, қандай өнерлісіңдер, мен сендерге таңқалып тұрмын. Енді менімен бірге би билеуге қалай қарайсыңдар?

Қыздар биі

Би: «Футбол» биі

Жүргізуші: Биші қыздарымызға рахмет, би билеп көңілімізді көтеріп алдық, енді кезекті балаларымыздың әніне берейік.

Ән: «Шырша шамы»

Ата-аналармен ойын: «Кім жылдам»

Аяз ата:

Балаларым, қандай тамаша өнер көрсеттіңдер!

Ән айттыңдар, би биледіңдер,

Жаңа жылды қуанышпен қарсы алдыңдар.

Сендерге ризамын, жарадыңдар!

Ақшақар:

Жаңа жыл – жақсылықтың бастауы,

Күлкі мен шаттыққа толы болсын!

Әр күніңіз шуақты,

Армандарыңыз орындалсын!

Жүргізуші:

Ендеше, балалар,

Жаңа жылда бәріңе

Денсаулық, бақыт,

Ата-анаға қуаныш әкелетін

Ақылды да тәрбиелі бала болуды тілеймін!

(Балалар хормен)

Жаңа жыл құтты болсын! □

Жүргізуші:

Ал енді, Аяз ата,

Балалар сізден сыйлық күтіп отыр ғой!

Аяз ата:

Иә, иә, сыйлықсыз Аяз ата бола ма?!

(Сыйлықтарды таратады)

Аяз ата:

Қош болыңдар, балалар!

Жаңа жылда қайта кездескенше!

Ақшақар:

Қош сау болыңдар!

Көңілдерің әрдайым көтеріңкі болсын!

Қортынды

Еркемай тобында Жаңа жыл мерекесі ерекше сән-салтанатпен, көтеріңкі көңіл-күйде өтті. Мерекеге топтағы 25 бала толық қатысып, барлығы да белсенділік танытты. Балалар мерекеге үлкен дайындықпен келіп, өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Шара барысында балалар әсем әндер айтып, түрлі билер билеп, сахналық көріністер қойды. Әр бала өз рөлін шынайы сомдап, мерекенің көркін аша түсті. Сонымен қатар, қызықты ойындар ойнатылып, балалардың шапшаңдығы мен тапқырлығы байқалды.

Мерекенің ең әсерлі сәттерінің бірі – Жылқы және сиқыршы кейіпкерлерінің келуі болды. Бұл кейіпкерлер балаларға ерекше қуаныш сыйлап, ғажайып ертегі әлеміне жетеледі. Балалар олармен бірге ойнап, би билеп, жаңа жылдық керемет көңіл-күйге бөленді.

Жаңа жыл кешінде балалардың ұйымшылдығы, бір-біріне деген сыйластығы және мерекеге деген қызығушылығы айқын көрінді. Әрбір бала шаттық пен қуанышқа толы сәттерді бастан кешірді.

Қорытындылай келе, Жаңа жыл мерекесі Еркемай тобында өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балаларға ұмытылмас әсер сыйлады. Осындай жарқын сәттер балалардың көңілінде ұзақ сақталып, жаңа жылға деген сенім мен қуаныш сыйлады.





Тәртіпті бала:

- Үлкендерді құрметтейді;
- достарымен жақсы қарым-қатынас жасайды;
- ойыншықтарын орнына жинайды;
- тазалық сақтайды;
- тәрбиешінің айтқанын тыңдайды;
- кезек күтуді және ортақ ережелерді сақтауды үйренеді.

Балаларға тәртіпті үйрету ойын арқылы, күнделікті іс-әрекет кезінде және үлгі көрсету арқылы жүзеге асады. Тәрбиешілер балаларға мейірімділікпен түсіндіріп, дұрыс әрекеттерді қалыптастырады.

Қорытынды

Балабақшадағы тәртіп — баланың тәрбиесі мен дамуының маңызды бөлігі. Тәртіпті бала ұқыпты, жауапты және әдепті болып өседі. Сондықтан балабақшада әр баланың тәртіп ережелерін сақтауы қажет.

<https://www.instagram.com/reel/DWYOTpWDAyN>



«Әжемнің ертегісі»

Бүгін балабақшаға Балымның әжесі қонаққа келді. Әже балаларға қызықты ертегі айтып берді. Балалар әженің ертегісін мұқият тыңдап, қуанып отырды. Ертегі өте қызықты болды. Балалар әжеге рақмет айтып, жақсы көңіл күймен тарасты.



Мен «Мен зерттеушімін» байқауына қатысып, балабақша тәрбиеленушілері арасында «Түстерді зерттеу» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіздім. Зерттеу жұмысының мақсаты – балалардың түстерді ажырату, тану және оларды күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту.

Зерттеу барысында бақылау, әңгімелесу, тәжірибе және ойын әдістері қолданылды. Балалар негізгі және қосымша түстермен танысып, түстерді ажыратуға арналған түрлі тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстарды орындады. Зерттеу нәтижесінде тәрбиеленушілердің түстер туралы білімдері кеңейіп, олардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттері артқаны байқалды.



Топтағы балалар бір-біріне жаңа кітаптар сыйға тартты. Балалар кітаптарды қызығып қарады. Олар түрлі-түсті суреттерді тамашалап, ертегілердің кейіпкерлерімен танысты. Балаларға әсіресе жануарлар туралы және қызықты оқиғалар жазылған кітаптар ұнады. Тәрбиеші балаларға кітапты ұқыпты ұстау, оны жыртыпау және таза сақтау керектігін түсіндірді. Балалар кітап оқуға қызығушылық танытып, жаңа ертегілерді тыңдауға қуанды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Мамандықтар
әлемі!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жыл

Тақырыбы: «Мамандықтар әлеміне саяхат»

Жасы: 4 жас (ортаңғы топ)

Мақсаты: Балаларды түрлі мамандықтармен таныстыру, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу, ойын арқылы тіл байлығын дамыту.

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Қуыршақ Айару (немесе Еркетай)
- Дәрігер
- Аспаз
- Құрылысшы
- Өрт сөндіруші

Сценарий

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті балалар мен қонақтар! Бүгін біз қызықты «Мамандықтар әлеміне саяхат» жасаймыз. Әр мамандықтың өз орны бар. Кәне, бірге танысайық!

(Көңілді әуен ойнайды.)

Қуыршақ:

– Сәлем, балалар! Мен өскенде кім боларымды білмей жүрмін. Маған көмектесесіңдер ме?

Балалар:

– Иә!

1-көрініс. Дәрігер

(Дәрігер ақ халатпен шығады.)

Дәрігер:

– Мен дәрігермін. Адамдардың денсаулығын қараймын. Ауырғандарды емдеймін.

Ойын: «Кімге не керек?»

Балалар дәрігерге керек заттарды таңдайды: ойыншық фонендоскоп, дәрі қобдишасы, градусник.

2-көрініс. Аспаз

(Аспаз қалпағымен келеді.)

Аспаз:

– Мен дәмді тағам дайындаймын. Балаларға ыстық ас пісіремін.

Ойын: «Көкөністі тап»

Балалар себеттен көкөністерді таңдайды.

Сергіту сәті

Бәріміз бірге:

Бір, екі, үш, төрт, бес,
Еңбек етем бәріміз.
Күліп жүріп ойнаймыз,
Мықты болып өсеміз!

3-көрініс. Құрылысшы

Құрылысшы:

– Мен үй саламын. Қала көркейеді.

Ойын: «Үй құрастыр»

Балалар үлкен жұмсақ текшелерден үй құрастырады.

4-көрініс. Өрт сөндіруші

Өрт сөндіруші:

– Мен адамдарды өрттен қорғаймын. Батыл болу керек!

Эстафета:

Балалар кедергіден өтіп, «өртті» (қызыл қағаз) су шелегімен «сөндіреді».

Тақпақтар

Айзия:

Дәрігер болам өскенде,
Емдеймін мен бар елде.

Інжу:

Аспаз болып ас пісіріп,
Қуантармын барлығын.

Мансур:

Құрылысшы үй салады,
Әдемі қала болады.

Абдуллах:

Өрт сөндіруші батырлар,
Қорғайды бізді әрқашан.

Ән: «Кім болам?» немесе балаларға таныс еңбек туралы көңілді ән орындалады.

Қорытынды

Жүргізуші:

– Балалар, бүгін қандай мамандықтармен таныстық?

Балалардың жауаптары:

– Дәрігер, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші.

Қуыршақ:

– Рақмет, балалар! Енді мен барлық мамандықтың маңызды екенін білдім.

Жүргізуші:

– Әр мамандық – құрметке лайық. Еңбек еткен адам әрқашан қадірлі болады.

Барлығы бірге:

– Барлық мамандық жақсы, өз ісінді сүйіп жаса!

Сценарийдің ұзақтығы: 20–25 минут. Ол 4 жасар балалардың жас ерекшелігіне сай қысқа диалогтар, қимылды ойындар және тақпақтармен құрастырылғ

Қортынды

«Мамандықтар» тақырыбы аясында жүргізілген оқу қызметінің нәтижесінде тәрбиеленушілер әртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейтті. Балалар дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, полиция қызметкері және басқа да мамандықтардың қоғамдағы маңызы мен атқаратын қызметтері туралы білім алды.

Оқу қызметі барысында балалар әңгімелесуге, сұрақтарға толық жауап беруге, сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге үйренді. Дидактикалық ойындар, сурет салу, жапсыру және шығармашылық жұмыстар арқылы өз білімдерін бекітті.

Қорытындылай келе, тәрбиеленушілердің мамандықтар туралы танымдық қызығушылығы артып, еңбекке деген құрметі қалыптасты. Балалар әр мамандықтың қоғам үшін маңызды екенін түсініп, өздерінің болашақ мамандықтары туралы ойларын еркін жеткізе білді. Қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

**Тақырыбы: «Ізгіліктің бір ізі -
алғыс!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Ізгіліктің бір- ізі алғыс!»

Мақсаты:

- Балаларға «алғыс» сөзінің мән-мағынасын түсіндіру;
- Күнделікті өмірде ризашылық пен мейірімділікті көрсетуге баулу;
- Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, жақын адамдарға алғыс білдіру дағдысын қалыптастыру.

Көрнекіліктер:

- Мерекелік безендіру: шарлар, түрлі-түсті суреттер, «Алғыс айту күні құтты болсын!» деген жазу;
- Жүрекшелер (қағаздан жасалған), алғыс сөздер жазылған плакат немесе «Алғыс бұрышы»;
- Музыкалық сүйемелдеу үшін аудио-жазба немесе аспап (болса);
- Суреттер: отбасы мүшелері, достар, тәрбиеші, дәрігер, т.б.

Тәрбие сағатының барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Балаларды шеңберге тұрғызу (немесе отырғызу)

- Тәрбиеші балаларды жылы шыраймен қарсы алады.
- «Шаттық шеңбері» ұйымдастырады: барлығы қол ұстасып, бір-біріне күлімдеп қарап, жылы тілектер айтады. Мысалы:

«Сәлеметсіз бе, досым!
Сен бүгін әдемісің!
Денің сау болсын!
Сені көргеніме қуаныштымын!»

2. Кіріспе әңгіме

- Тәрбиеші: «Бүгін бізде ерекше күн – Алғыс айту күні. Алғыс айту деген не екен?» деп сұрақ қояды.
- Балалардың жауабы тыңдалады. (Мысалы, «Рақмет айту», «Жақсылық жасаған адамға рахмет деу», т.б.)
- Тәрбиеші алғыс айту – жүректен шыққан ризашылық, жақсылыққа жақсылықпен жауап беру екендігін түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім

1. «Алғыс» сөзінің мәні

- Тәрбиеші «Алғыс» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Мысалы:

«Алғыс айту – біреудің сен үшін істеген игі ісіне ризашылығыңды білдіру. Алғыс тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де көрсетіледі.»

- Балаларға сұрақ: «Кімдерге алғыс айтуға болады?» (ата-анаға, ата-әжеге, тәрбиешіге, дәрігерге, досына, табиғатқа, Отанға).

2. Көрнекілік арқылы түсіндіру

- Тәрбиеші балаларға отбасы мүшелерінің суреттерін немесе шағын бейнебаян көрсетеді.
- «Анаңа, әкеңе қалай алғыс білдіресің?» – деп мысал сұрайды. Балалардың жауаптары.

3. Өлең оқу немесе тақпақ айту

- Балаларға қысқа, жеңіл өлең немесе тақпақ жаттатып, бірі дауыстап оқиды. Мысалы:

«**Рахмет! Рахмет!**»
Рахмет саған, Анашым,
Мейірлі де қамқорың.
Рахмет саған, Әкетай,
Қолдап жүрген жанашыр.
«Рахмет!» деп мен айтамын,
Күлімдейді жан-жағым.

4. Музыкалық үзіліс

- Балаларды сергіту, көңіл-күйлерін көтеру үшін музыкалық қойылым (би немесе ән).
- Мысалы: «Қазақша шағын әндерден» үзінділер қосып, балалар бірге шапалақтап, секіреді, қарапайым қимылдар жасайды.

5. Ойын: «Кімге алғыс айтқың келеді?»

- Ортаға бір қорапша немесе себет қойылады. Ішінде түрлі-түсті қағаздан жасалған жүрекшелер болады.
- Әр бала бір жүрекшеден алып, оның артына «Рахмет!» деп жазылғанын көреді не өзі «Рахмет» сөзін жазуға/салуға көмектеседі (үлкендердің көмегімен).
- Содан соң әр бала бір адамды тандап (мысалы, достарының біріне немесе тәрбиешіге), не үшін алғыс айтатынын айтады.
- Барлығы кезекпен «Мен (досыма/апайыма/анам мен әкеме) рахмет айтамын, себебі...» деп өз ризашылығын білдіреді.

6. Шығармашылық жұмыс: «Алғыс картасы» *(опциялық)

- Үлкен форматты қағаз (ватман) немесе тақтаға «АЛҒЫС БҰРЫШЫ» деп жазылады.
- Балалар түрлі-түсті стикерлерге немесе қолөнер қағаздарына өздерінің алғыс сөздерін тәрбиешінің көмегімен жазып, қабырғаға жапсырады.
- Мысалы, бала сурет салып, астына «Рахмет!» деп жазуы мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

1. Қорытынды әңгіме

- Тәрбиеші: «Балалар, бүгін біз алғыс сөзінің маңызын түсіндік. Алғыс айтудың өзі үлкен қуаныш пен жылылық сыйлайды. Келешекте әрдайым жақсылық істеген адамға рақмет айтып жүруді ұмытпаймыз ба?» деп балалардан жауап алады.

2. Қорытынды тілек

- Тәрбиеші: «Ендеше, әрдайым достарымызға, ата-анамызға, апайларға алғыс айтып, мейірімді болайық! Әрқашан бір-бірімізді сыйлап, қамқор болайық!»
- Балалар «Рахмет!» сөзін дауыстап айтады.

3. Шаттық шеңбері арқылы аяқтау

- Барлығы қайтадан шеңберге жиналып, бір-біріне күлімдеп қарап, «Алғыс айту» күніне байланысты жылы лебіз тілейді.
- Мысалы: «Барлығына рахмет! Дос болайық! Деніміз сау болсын!» деген сөздермен тәрбие сағаты аяқталады.

Анықтама

Өткізілген күні: 1 наурыз

Тобы: Ересек топ

Балалар саны: 25

Тәрбиеші: Едресова А.Н.

Қазақстанда 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай балабақшамызда тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – балаларға ризашылық білдіру, үлкенді құрметтеу, достық пен сыйластыққа тәрбиелеу болды.

Тәрбие сағаты барысында балаларға Алғыс айту күні туралы түсінік беріліп, оның маңызы түсіндірілді. Балалар «рақмет», «алғыс айтамын», «көмектескенің үшін рахмет» сияқты жылы сөздерді айтуға дағдыланды.

Іс-шара барысында:

Балалар тақпақтар айтты;

«Рахмет айту» ойыны ойналды;

Бір-біріне жылы тілектер білдірді;

Ата-аналарына, тәрбиешілеріне алғыс сөздерін жеткізді.

Балалар белсенді қатысып, бір-біріне деген мейірімділік пен қамқорлық танытты. Тәрбие сағаты қызықты әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.

Қорытынды:

Бұл іс-шара балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға, алғыс айта білу мәдениетін қалыптастыруға үлкен ықпал етті.



ЖК «Жайсултанов М.Х» «Алтын ұя» жеке- бөбекжай бақшасы

Тақырыбы:

«Ана»

Орындаған : тәрбиеші А.Н.Едресова

2025-2026 оқу жылы

8 наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Мақсаты: мерекелік көңіл-күй құру; Ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу.

Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер әндер айтады. Ана еңбегін қадірлей біледі.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер, ме құрметті қонақтар, біздің сүйкімді бүлдіршіндеріміздің Аяулы аналары мен ардақты әжелері. Бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз құтты болсын! Мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Сіздерге мерекелік лебізін білдіруге ортамызға балабақшамыздың әдіскері Г.М.Утемисовнаға сөз кезегін берейік.

Шалқып, тасып әніміз
Жадырасын жанымыз,
Ана, сен құттықтап
Әнде теміз бәріміз! - дей отырып «Еркемай» тобының балаларының орындауындағы «Аяулы анашым» әнін қарсы алыңыздар

Ән: «Аяулы анашым»

Жүргізуші: Еркемай тобының аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

Аяла:

Анам-өмір шырағы
Анам-өмір бұлағы
Бесігімнің жыр әні
Жүрегімде тұрады

Досхан:

Аялы алақан
Өлпештеп өсірген
Аяулы жан анам
Қатемді кешірген

Альбара:

Анаң болса қасыңда
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімдіғой керемет

Асылым:

Анам менің сүйіктім
Тек өзіңе табынам
Қасымда жүрсең биікпін
Алыстасаң сағынам

Фатима:

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз

Айлин:

Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан сипап мені
Құлыншағым күнім дейтін

Қ.Асылай:

Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе
Ана деген керемет
Сыйлап өтем өмірде

Баян:

Аялаған анашым
Мәпелеген анашым
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Әміре:

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Балым:

Ана пана
Ана дана
Өмірді әкелетін
Ана ғана

Осы уақытта музыкамен залға Көктем келеді.

Көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Былыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал еккенмін.

Құстар әнін ала келдім
Жерге кілем жаба келдім.

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе, Ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Ару көктем, біздің шақырумызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рақмет. Балалар сені көптен күтті. Саған арнап дайындаған тақпақтарын қабыл ал.

Тақпақтар:

Жаннұр:

Анам кетсе жұмысқа
Анашымды сағынам
Құлағына сыбырлап
Анама арнап ән салам

Нұралы:

Мені ертіп жетектеп
Осы күнге жеткізген
Бізді бағып өсірген
Аман болсын жан әжем

Мансур:

Тәттілерін сақтайды
Немереме берем деп
Мен тілеймін әрқашан
Әжем аман болсын деп

Айсезім:

Әжемді жақсы көремін
Өлең айтып беремін
Үлкен болып өскенде
Бәрін алып беремін

Дарина:

Түн ұйқысын төрт бөліп
Әлпештеген анашым
Жақсы болсам асырып
Жаман болсам жасырып
Қамқор болған анашым

Алуа:

Үн қатамын бал тілмен
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым
Сегізінші Наурызбен

Медет Медина:

Құлпырған гүлдей
Көктемгі күндей

Жылылық маған
Төгесің үзбей
Абдуллах:
Немересін жанындай
Әжем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай
Кәмпит әкеп береді

Ән: « Анашым »

(Әуенмен қызыл телпек кіреді.)

Қызыл телпек: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Жүргізуші: - Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: - Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатып адасып кеттім. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келдім.

Жүргізуші: Қане балалар, олай болса Қызыл телпекке әжесінің үйіне баруға ойын ойнап көмектесейік.

Ойын: «Гүл құрастыр»

(Залға музыкамен Қасқыр кіреді)

Қасқыр: - Мен қызыл телпекті іздеп жүрмін. Иісінен сезіп тұрмын, ол осында. Әлде келіп кетті ме екен? Мен оны ұстап алуым керек. Қайда? Қайда?

Қызыл телпек: - Қасқыр, Қасқыр! Үлкен мереке өтіп жатыр. Балалардың өнерін тамашалайық! Олар аналарына арнап ән, тақпақ айтады. Мен де әжемді құттықтауым керек.

Қасқыр: - Егер балалардың өнерлері маған ұнаса мен тимеймін!

Жүргізуші: Қане балалар, олай болса аналарымызбен ойын ойнайық.

Ойын: *«Жүрек жылуы» (Ата-аналармен ойын)*

Би: «Парижге саяхат» орындайтын тобымыздың кішкентай ерке қыздары

Қасқыр: - Балалар, сендер қандай өнерлісіңдер! Мен енді сендермен дос боламын. Балаларды ренжітпеймін.

Жүргізуші: - Балалар, бүгін тек аналарымыздың ғана емес, сонымен қатар әжелеріміздің де мерекесі.

Қызыл телпек әжесін құттықтауға барады екен. Бізде әжеміз туралы ән, тақпақтарымызды айтып мерекемен құттықтайық!

Тақпақтар:

Муханова Медина

Ана-біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Ұландарды қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз !

Алима

Мен анамды жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүремін
Қасымда анам жүргенде
Шаттанып-ойнап күлемін

Айзия

Шашымды өріп тараған
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам

Амина

Құрт пен майын жинаған
Балаларға сыйлаған
Бұл әжемнің өмірі
Таусылмайтын жыр маған

Р.Асылай

Әжем менің әйбәт
Ешкім оған жетпейді
Күні бойы бірге ойнап
Жанымнан бір кетпейді

Ибарһим

Анамыздың мерекесі
Келіп қалды жақындап
Көңілін қалай тапсам деп
Ойлап жүрмін күні-түні

Аиша

Әжем ұйықтар алдында
Ертегі айтып береді
Еркелеп ойнап жатқанда
БІлгі ұйықтап қаламын

Нурәли

Біз доспыз гүлдермен
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз

Жүргізуші: - Құрметті әжелер! Ұлдарымыздың аналарымен биін қабыл алыңыздар!

Би: «Ұлдар мен Аналар вальсі» биі

Жүргізуші: - Балалар, сендер әже туралы тақпақта, ән біледі екенсіңдер. Ал, үйде әжемізге көмектесесіңдер ме?

Ән: «Әжетайым»

Би: «Я рисую речку» биімен қыздарымыздың биін қабыл алыңыздар.

Қызыл телпек: - Сендер болмасаңдар мен жалғыз қорқып қалар едім. Жақсылық жасап, бір-бірімізге көмектесу ең үлкен бақыт. Әрқашан ата-аналарыңның, тәрбиешілеріңнің сөзін тыңдап жолда абай болыңдар! Маған әжемнің үйіне жол тауып көмектескендеріңе рақмет!

Жүргізуші: - Балалар, сендер ақылды әрі мейірімдісіңдер. Жақсылық жасап Қызыл телпекке көмектестіңдер. Барлық өнерлерінді көрестіңдер. Енді Қызыл телпекті шығарып салайық. Жолда абай бол, Қызыл телпек!

Біз сыйлықты дүкеннен сатып алмаймыз

Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.

Аналар күніне бір-бірден сыйлаймыз!

(Балалар қолдан жасалған сыйлықтарын аналарына, әжелереріне табыс етеді.)

Жүргізуші: Тамаша, міне көрдіңіздер ме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп келе жатырған артистер!

Ана деген бұл өмірдің бағы ғой

Ана деген бар көңілдің зары ғой

Аналарды құрметтейді бар әлем

Анаң болса бұл өмірде үлкен той

Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған «Ана» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!

Жүргізуші: -Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!

Анықтама

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай балабақшада ұйымдастырылған мерекелік іс-шара. Мерекенің басты мақсаты – балалардың аналарға, әжелерге, тәрбиешілерге деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Мерекелік сценарий барысында балалар аналарға арналған тақпақтар айтып, ән шырқап, би билеп, түрлі ойындар мен көріністер көрсетеді. Сонымен қатар балалар өз өнерлері арқылы аналар мен әжелерге жылы лебіздерін білдіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлайды.

Іс-шара барысында балалардың сахна мәдениеті қалыптасып, көпшілік алдында өзін еркін ұстауға, бір-бірімен ынтымақтастықта әрекет етуге тәрбиеленеді. Сонымен бірге балалар үлкендерді сыйлауға, мейірімділікке, қамқорлыққа, әдептілікке баулиды.

Бұл мерекелік кеш ата-аналар мен балалардың арасындағы байланысты нығайтып, балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді. Нәтижесінде балалардың өнерге деген қызығушылығы артып, мереке көтеріңкі көңіл-күймен өтті.





«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Көрісу ізгі -
дәстүр!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жыл

«Көрісу – ізгі дәстүр»

14 наурыз – Көрісу күніне арналған мерекелік сценарий (ересек топ)

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, үлкенді сыйлауға, ізеттілікке, бірлікке тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер! Баршаңызды Көрісу күні – Амал мерекесімен құттықтаймыз! Бұл – адамдардың бір-бірімен қауышып, амандық-саулық сұрасатын, ақ тілектер айтатын ерекше күн.

Балалар бірге:

*Амал келді, жыл келді,
Жақсылықпен нұр келді.
Баршаңызға бақ-береке,
Қуаныш пен жыр келді!*

(Балалар үлкендермен көрісіп, қол алысады.)

Тақпақтар

(4–5 бала Көрісу, достық, бірлік туралы тақпақ айтады.)

Ән

«Наурыз – думан» немесе «Атамекен» әні.

Жүргізуші:

Қазақ халқы қонақжай халық. Келген қонағын құрметтеп қарсы алған.

Көрініс

«Қонақ күту» (әже, ата және балалардың қатысуымен шағын көрініс).

Ұлттық ойын

«Арқан тарту» немесе «Орамал тастау».

Би

«Қара жорға» немесе қазақ биі.

Жүргізуші:

Көрісу күні – татулық пен мейірімділіктің мерекесі. Әрқашан бір-бірімізге ізгі тілек айтып, сыйластықта өмір сүрейік.

Қорытынды:

Балалар бірге:

Ақ мол болсын!
Ырыс көп болсын!
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
Көрісу күні құтты болсын!

(Балалар ортақ бимен мерекені аяқтайды.)

Қортынды

Ересек топта 14 наурыз – Көрісу күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілерді қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, достыққа, сыйластыққа және ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу болды.

Мереке барысында балалар бір-бірімен және үлкендермен көрісіп, ізгі тілектер айтты. Отан, достық, Наурыз және Көрісу күні туралы тақпақтар оқып, мерекелік әндер орындады. Сондай-ақ ұлттық билер билеп, «Қонақ күту» атты шағын көрініс көрсетті.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Наурыз –Жыл
басы!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жы

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Балалар билеп кіреді

Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз.

Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлы күндеріңіз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Тақпақтар:

Муханова Медина:

Кел балалар ойнайық,

Наурыз тойын тойлайық

Баянды боп мереке

Қыр гүліндей жайнайық

Баян:

Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!

Қайда барсаң, жол болсын

Төрт түлік ақты болсын,

Ұлыс береке берсін,

Бәле – жәле жерге енсін

Аиша:

Арпа, бидай, тары бар

Қатық, малта, тағы бар

Ішілетін, жейтінің

Бұл көжеде бәрі бар.

Бата беріп атамыз,

Бата беріп әжеміз

Тәтті болып жасаған

Көжеден дәм татамыз

Тәрбиеші: Рақмет, Төрлетіндер, дастархан басына жайғасындар.

Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Тәрбиеші: Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Көктем» туралы ән шырқайық

ӘН: «Көктем келді»

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Тақпақтар:

Р.Асылай:

Құт бауырсақ шашылып,

Наурыз тойы ашылсын

Бір бірімен мына жұрт

Көрімдігін асырсын

Жаннур:

Күттіріп келген жыл басы

Бізбен бірге жырлашы

Дастарханға елімнің

Береке ырыс сыйлашы

Айсезім:

Ой, халайық, халайық

Әсем әнге салайық

Наурыз тойын көңілді

Бірге қарсы алайық
Дарина:
Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің!

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсыңдар, бәрекелді.

Тәрбиеші: Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс. Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған. Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырлаған.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері, бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық:

Айтыс: Ибарһим мен Алима

Айлин- Мансур

Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)

Айтысып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Иә, сараң байды алдап, мінекей наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін.
(көрсетіп қояды шапанын)

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, наурыз мейрамың құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Асық ойыны)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: «Қарақат қуыршақтары»

Жыл басы - Наурыз мереке,

Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке,

Тіршілік таңы оянды.

Тәрбиеші: Аяулы да қасиетті аналар біздің мерекелік дастарханымызға төрлетіңіздер!

Наурыз көже туралы

Наурыз мерекесінде дайындалатын Наурыз көже – өте қасиетті ұлттық тағам. Оған дәстүр бойынша 7 түрлі тағам қосылады. Бұл – жыл бойы молшылық, береке болсын деген мағынаны білдіреді.

Наурыз көжеге көбіне мына 7 тағам қосылады:

Су – өмірдің белгісі

Ет (сиыр немесе жылқы еті) – күш-қуат

Тұз – дәм, татулық

Май – тоқшылық

Тары немесе бидай – молшылық
Сүт немесе айран – ақ ниет, тазалық
Күріш немесе басқа дәнді дақыл – береке
Кей жерлерде оған қосымша:

Құрт
Кеспе
Арпа

да қосылады.

Мағынасы: Наурыз көжеден әр адам дәм татса, жыл бойы ырыс-береке, молшылық болады деп сенген.

Ән «Наурыз мереке»

Салт-дәстүр – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары, өмір сүру дағдысы, тәрбиелік мәні бар жол-жоралғылары. Қазақ халқы салт-дәстүр арқылы үлкенді құрметтеуді, кішіге ізет көрсетуді, адамгершілікті ұрпаққа үйреткен.

Салт-дәстүрдің маңызы

Ұрпақты тәрбиелеуге көмектеседі.

Халықтың мәдениетін сақтайды.

Адамдарды бірлікке, сыйластыққа баулиды.

Ата-бабадан қалған құндылықтарды жалғастырады.

Қазақтың негізгі салт-дәстүрлері

Шілдехана – нәресте дүниеге келгенде жасалатын қуаныш той.

Бесікке салу – сәбиді бесікке бөлеп, ақ батасын беру дәстүрі.

Тұсау кесу – бала тәй-тәй басқанда тұсауын кесіп, жақсы тілек айту.

Сүндет той – ер баланы сүндетке отырғызғанда жасалатын той.

Беташар – келін түскенде оның бетін ашып, елге таныстыру.

Көрісу – адамдар бір-бірімен амандасып, ақ тілектер айту дәстүрі.

Тәрбиеші: Кел, балалар ойнайық

Ойнайық та, көңілімізді көтерейік

Ойын: «Орамал тастау» Қызымызды ортаға шақырайық.

Сендерге сұрақ:

- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?

- 7 түрлі

- Қане атап беріңдерші?

- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз

- Дұрыс айтасындар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.

- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар.

ӘН: «НАУРЫЗ»

Тәрбиеші: Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!

Қортынды

Еркемай тобында 22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күні мерекесі ерекше сән-салтанатпен аталып өтті. Мерекеге топтағы 25 бала толық қатысып, барлығы белсенділік танытты.

Балалар ұлттық нақышта киініп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптейтін көріністер көрсетті. Шара барысында ұлттық ойындар ойналып, балалар өздерінің ептілігі мен шапшандығын көрсете білді. Сонымен қатар, балалар арасында айтыс ұйымдастырылып, олардың тапқырлығы мен сөзге шешендігі байқалды.

Мерекеді қазақтың салт-дәстүрлері кеңінен насихатталып, балаларға оның маңызы түсіндірілді. Әсіресе, Наурыз көже туралы мағлұмат беріліп, оның құрамы мен мәні таныстырылды.

Балалар ән айтып, би билеп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрбір бала мерекеге үлкен қызығушылықпен қатысып, өз өнерлерін көрсете білді.

Қорытындылай келе, 22 Наурыз мерекесі Еркемай тобында жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салт-дәстүрді құрметтеуге үлкен мүмкіндік берді. Мереке баршаға шаттық пен қуаныш сыйлап, ұмытылмас әсер қалдырды.





«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: «Ғарышқа
саяхат»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

«Ғарышқа саяхат»

Мақсаты:

Балаларға ғарыш әлемі туралы қарапайым түсінік беру, танымдық қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

Білімділік:

Ғарыш, жұлдыз, Ай, зымыран туралы бастапқы түсінік қалыптастыру

Юрий Гагарин туралы қысқаша мәлімет беру

Дамытушылық:

Балалардың сөйлеу тілін дамыту

Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру

Ойын арқылы ойлау қабілетін жетілдіру

Тәрбиелік:

Бір-біріне көмектесуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Батылдыққа, қызығушылыққа баулу

Кіріспе

(Көңілді музыка ойнайды)

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Бүгін біз ерекше мерекені атап өтеміз. Бұл — Ғарышкерлер күні

Бүгін біз ғарышқа саяхат жасаймыз!

Балалардың шығуы

(Балалар жұлдызша/зымыран белгілерімен)

Тақпақтар:

1-бала:

Ұшамын мен ғарышқа,

Зымыранмен алысқа!

2-бала:

Жұлдыздарды көремін,

Айды барып көремін!

Ән

«Жұлдыздар» (қысқа, жеңіл ән)

Көрініс

(«Жұлдыз» кейіпкері келеді)

Жұлдыз: Сәлем, балалар!

Ғарышқа бару үшін тапсырмалар орындау керек!

Балалар: Иә!

Ойындар

1. «Зымыранға отырамыз»

Балалар орындыққа отырып:

«3-2-1 Ұштық!»

2.«Жұлдыз жина»

Жерге шашылған жұлдызшаларды жинау

3.«Ғарышта ұшу»

Музыкамен еркін қозғалып «ұшу»

Би

Қарапайым «ғарыш биі»

Сұрақ-жауап

Ай қайда? (аспанда)

Жұлдыз қандай? (жарқырайды)

Қалай ұшамыз? (зымыранмен)

Қорытынды

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар!

Сендер бүгін нағыз кішкентай ғарышкерлер болдыңдар! ☺

(Балаларға жұлдызша тарату)

Анықтама

Өткізілген күні: 12 сәуір

Тобы: Ересек топ

Балалар саны: 25 бала

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Мақсаты:

Балаларға ғарыш туралы түсінік беру, ғарышкерлер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

Ғарыш, планеталар, зымыран туралы білімдерін кеңейту

Балалардың ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту

Бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Іс-шара барысы:

Іс-шара барысында балаларға ғарыш әлемі туралы әңгіме айтылды. Балалар ғарышкерлер туралы мәліметтермен танысты. Әсіресе, тұңғыш ғарышкер туралы айтылып, балалар қызығушылықпен тыңдады.

Балалар «Зымыран», «Жұлдыздар», «Ғарышқа ұшу» тақырыптарында тақпақтар айтып, әндер орындады. Сонымен қатар, «Ғарышқа саяхат» атты ойындар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты.

Шығармашылық бөлімде балалар зымыранның суретін салып, өз қиялдарымен ғарыш әлемін бейнеледі.

Қорытынды:

Іс-шара өте қызықты әрі мазмұнды өтті. Балалар ғарыш туралы жаңа мәліметтер алды, белсенділік танытты. Ғарышкерлер еңбегіне құрметпен қарау керектігін түсінді.



Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық»

Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту, табиғатты қорғауға, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Балабақшада «Құстарға қамқорлық» атты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында тәрбиеленушілерге құстардың табиғаттағы маңызы туралы түсінік берілді. Балалар қыстап қалатын құстармен танысып, оларға көмек көрсету жолдарын үйренді.

Іс-шара барысында балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі артып, жан-жануарларға мейірімділікпен қарау дағдылары қалыптасты. Балалар құстарды қорғау әр адамның міндеті екенін түсінді.

Қорытынды:

«Құстарға қамқорлық» іс-шарасы өз мақсатына жетті. Балалар құстарды қорғау, оларға қамқор болу туралы пайдалы мәлімет алып, табиғатты аялауға тәрбиеленді.

<https://www.instagram.com/reel/DW0rMQ0DHNL>



Сән әлемі бойынша мода көрсету ұйымдастырылды. Көрсетілімге ата-аналар белсенді қатысып, өз қолдарымен әртүрлі киім үлгілерін жасап дайындады.

Киімдерді дайындау барысында түрлі маталар, әшекейлер және қолда бар материалдар пайдаланылды. Әрбір киім үлгісі ерекше безендіріліп, балалардың сахнада әдемі көрсетілімімен таныстырылды.

- Ата-аналар мен балалардың шығармашылық қабілеті артты;
- Қол еңбегінің маңыздылығы көрсетілді;
- Сән әлеміне қызығушылық пайда болды;
- Бірлескен жұмыс арқылы ұйымшылдық қалыптасты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«ДОСТЫҒЫМЫЗ
жарасқан»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Достығымыз жарасқан!

Достығымыз жарасқан!

1 - мамыр достық күніне арналған ертеңгілік

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Сәлем бердім халқыма,

Сәлем бердім жалпыға.

Сәлемдесу кіреді

Ата дәстүр салтына.

Бірлік пен ынтымағы халықтың

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!- дей келе құрметті қонақтар сіздерді бүгінгі "Жұлдыз", "Айгөлек" ортаңғы топ балаларының дайындаған ертеңгіліне қош келдіңіздер!

«Түрі басқа болса да, тілегі бір.

Жүзі басқа болса да, жүрегі бір» дегендей, Қазақстан атты әлемге танылған ұлы мемлекетте 130 - дан аса ұлттар мен ұлыстар достықта, тыныштықта бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр.

1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан Халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше маңызы зор құрылым. 1 мамыр бұл – Ынтымақтастық күні.

«Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек» деп көргенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халықтарының бірлігі.

Ендеше, ынтымақтастығымыз бен тыныштығымыз одан әрі нығая түссін деген тілекпен ертеңгілігімізді бастайық!

Жүргізуші:

Өнерді жанымменен түйсінемін,

Қашанда өнерлі жас сүйсінерім.

«Қазақ биін» билесін мың бұралып,

Биіменен шашу шашып, бишілерім

Би:"Домбыра"(Кәусар, Ақерке, Кәусар, Назым)

Қазақ балаларының тақпақтары

Нурәли:

Біз қазақпыз, батырмыз,

Байтақ ел боп жатырмыз.

Біз қазақпыз, арманбыз,

Батыр ел боп қалғанбыз.

Біз қазақпыз қаһарман

Жар салатын жаһаннан.

Біз қазақпыз, арыспыз,

Ер жүректі барыспыз.

Дарина:

Туған жер, алтын бесігім,

Тербеттің мені төсінде.

Киелі сенің есімің

Жүреді мәңгі есімде.

Туған жер, алтын босағам,
Аттандым сенен қияға.
Апам мен Отан – қос анам,
Қондырған мені ұяма.

М.Медина:

Жақсылыққа, бақытқа,
Талпынған әр уақытта.
Бала біткен дос, бауыр,
Болмасын еш тосқауыл.

Ибарһим:

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Ортақ болсын асқар тау,
Жеміс толы бақша - бау.
Болсын жер мен су да ортақ,
Болсын кен де, көл де ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

Жүргізуші:

Орыс, қазақ туыс боп ағаласып,
Қаны, тілі жатыр ғой араласып.
Отбасылық бақыты ортақ болсын,
Қол ұстасып, еңбек ет, далаға шық!

Ортамызға орыс халқы өкілдерін шақырайық.

Орыс биі: "Балалайка" (Дінмұхаммед, Әскер.....)

Орысша тақпақтар

Диляра:

Каждый Маю - дружбе рад
Май встречает детский сад
Наш веселый детский сад
Запевает песню лад

Мы из России, к вам прилетели Ажар
Танцы, песни вам показать
Солнце феи, солнце феи
Не жалею своих лучей.

Жүргізуші:

Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер,
Достық жырын біліңдер,
Ту ғып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіңдер.

Қошеметпен алдымызға грузин халқын шақырайық.

1. Грузия ресми атауы - Грузия Республикасы. Астанасы - Тбилиси. Еуропа құрлығының оңтүстік - шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет.
Мемлекеттік тілі - грузин тілі. Ұлттық мерекесі - Тәуелсіздік күні. Ұлттық ақшасы - манат.

Грузиндердің ұлттық биі: "Лезгинка"

Тақпақтар

Жаннур:

Сары, ақпыз, қарамыз

Бәрімізде баламыз

Бір қалада тұрамыз

Бір бақшаға барамыз.

Ақ, қара деп бөлмейміз,

Бір жыл туған төлдейміз

Туысқанбыз татумыз

Биіктерге өрлейміз.

Асылым:

Енді бүгін қарасам,

Айналам бақыт, кең жатыр.

Бірімен - бірі туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

Қырғыз, қазақ, өзбектер,

Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,

Армян, қазақ, грузин,

Орыс пенен украин

Терезесі тең жатыр.

Бақыттың әні асқақтап,

Құлаққа даусы кеп жатыр.

Грузиндердің ұлттық әні: "Гомарджома"

Орыстың ұлттық ойыны: "Өтештер айқасы"

Жүргізуші:

Қазақ жері - достықтың гүлстаны,

Дарқан өлкем - мерейлі ырыс бағы.

Күрестерде, еңбекте, мерекенде,

Мұнда сан ұлт қолдасып ту ұстады.

Қошеметпен алдымызға өзбек халқын шақырайық.

Р.Асылай

Достар тату тәттіміз

Болса қолда тәттіміз

Біз бөлісіп жатамыз

Бәріміз дәм татамыз

Баян:

Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Айлин:

Достық - шырағымыз

Достық ұранымыз

Достық туымыз.

Достық әніміз

Анықтама

Біздің балабақшада 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға ересек топтың 25 тәрбиеленушісі қатысты.

Мерекенің негізгі мақсаты – балаларға әр ұлттың достығы, татулығы, бірлігі туралы түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру болды.

Іс-шара барысында балалар түрлі ұлт өкілдерінің киімдерін киіп, ән айтып, би биледі. Әр ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениеті туралы қысқаша мәліметтер берілді. Сонымен қатар, балалар «Достық», «Бірлік» тақырыбында тақпақтар айтып, ойындар ойнады.

Мерекелік шара өте қызықты әрі әсерлі өтті. Балалар көтеріңкі көңіл-күйде болып, бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын көрсете білді.

Қорытындылай келе, бұл іс-шара балалардың достыққа, сыйластыққа, бірлікке деген көзқарасын қалыптастыруға өз үлесін қосты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: «Білімім -
Отаныма!»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

«Білімім- Отаныма!»

Мақсаты:

Балаларға Отан, әскер, батырлық туралы түсінік беру

Ерлікке, батылдыққа тәрбиелеу

Ән айту, би билеу арқылы мерекелік көңіл-күй қалыптастыру

▣ Міндеттері:

Балалардың сөйлеу, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту

Бір-біріне көмектесуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Кіріспе

(Музыка ойнайды, балалар саппен кіреді)

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар!

Бүгін біз ерекше мерекеге жиналды.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз де болашақ батырлар!

Тақпақтар

(Балалар кезекпен айтады)

1-бала:

Отанымды қорғаймын,

Мен батыр боп өсемін!

2-бала:

Әскер ағай сияқты,

Мықты болып жетемін!

3-бала:

Туымызды биік ұстап,

Елімді мен сүйемін!

Ән

«Сарбаз болам мен ертең» (немесе басқа балалар әні)

Қимылды би

(Әскери стильдегі қарапайым қимылдар: саппен жүру, қол көтеру)

Ойындар

1 «Сапқа тұр»

Балалар музыкамен жүреді

Музыка тоқтағанда сапқа тез тұрады

2 «Кім жылдам?»

Жалаушаны алып келу жарысы

2 топқа бөлінеді

3 «Кедергіден өт»

Кедергілерден (жастық, орындық) өтіп жүру

Сергіту сәті

Жүргізуші:

Біз қандаймыз?

Балалар: Батырмыз!

Біз қандаймыз?

Балалар: Мықтымыз!

Қорытынды сөз

Жүргізуші:

Бүгінгі мерекеде біз батыр, күшті, епті балаларды көрдік.

Сендер – еліміздің болашағысыңдар!

7 мамыр мерекесі құтты болсын!

Марапаттау

(Балаларға медаль, жалауша тарату)

Анықтама

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай балабақшамызда ер балаларға арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – балаларға Отанды сүюге, елін қорғауға дайын болуға тәрбиелеу, батырлыққа, ержүректілікке баулу.

Мерекеге топтағы ер балалар белсенді қатысты. Балалар салтанатты түрде сапқа тұрып, мерекелік әндер айтып, тақпақтар оқыды. Сонымен қатар «Батыр боламын», «Менің Отаным» тақырыбында әңгімелер айтылды. Іс-шара барысында түрлі ойындар мен эстафеталар өткізілді:

«Кім жылдам?»

«Нысанаға дәл тигіз»

Бұл ойындар арқылы балалар шапшаңдықтарын, ептіліктерін көрсетті. Ер балалар өздерін нағыз қорғаушы ретінде сезініп, белсенділік танытты.

Мереке соңында барлық қатысқан ер балаларға мадақтау сөздер айтылып, шағын сыйлықтар табысталды.

Қорытынды:

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Балалар мерекенің мәнін түсініп, Отанға деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Ер балалардың қызығушылығы артып, патриоттық сезімдері қалыптасты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: ««Бейбіт күн
жасасын!»»

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Бейбіт күн жасасын!»

Топ: 4 жас

Мақсаты:

Балаларға Жеңіс күні туралы қарапайым түсінік беру

Отанды сүйе, батырларды құрметтеуге тәрбиелеу

Міндеттері:

Ән, тапқа арқылы мерекені сезіндіру

Балалардың сөйлеу, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту

Барысы:

1. Кіріспе

(Әуен ойнайды, балалар залға кіреді)

Тәрбиеші:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін ерекше күн – 9 мамыр, Жеңіс күні! Бұл күні біз батыр аталарымызды еске аламыз.

2. Тапқатар

(Балалар кезекпен айтады)

1-бала:

Отан үшін күрескен,

Батыр атам – ер екен!

2-бала:

Бейбіт өмір сыйлаған,

Ардагерге мың алғыс!

3-бала:

Күн күледі ашылып,

Аспан тұр ғой жарқырап!

3. Ән

«Жеңіс күні» (балалар орындайды)

4. Ойын

«Жалаушаны жеткіз»

(Балалар екі топқа бөлінеді, жалаушаны бір-біріне жеткізеді)

5. Би

«Сарбаздар биі» (қарапайым қимылдармен)

6. Көрініс (шағын)

(2-3 бала сарбаз болып, қол бұлғап қоштасады, қалғандары «күтіп алу» көрінісін жасайды)

7. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Балалар, біз бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Ол үшін батыр аталарымызға рахмет айтамыз!

Барлығы бірге:

– Рахмет!

8. Қорытынды ән

«Әрқашан күн сөнбесін»

Анықтама

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай біздің балабақша тәрбиеленушілерімен бірге қала алаңына бардық. Балалар мерекелік шараны тамашалап, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Алаңда концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, патриоттық әндер айтылды. Балалар Отанға деген сүйіспеншілік, батырларға құрмет туралы түсінік алды.

Іс-шара барысында балалар белсенділік танытып, мерекелік көңіл-күйде болды. Бұл күн жас ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін түсінуге үлкен әсер етті.



Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат құндылық. Отбасыда біз мейірімділікке, сыйластыққа, қамқорлыққа және жауапкершілікке үйренеміз. Ата-ананың махаббаты мен отбасы мүшелерінің бірлігі – үлкен бақыттың негізі.

Отбасы құндылықтары:

- ☐ Сүйіспеншілік
- ☐ Құрмет
- ☐ Сенім
- ☐ Бірлік
- ☐ Қамқорлық



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы: **«Балалық шақтан-
болашаққа!»**

Орындаған тәрбиеші: Едресова А.Н.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: Балалық шақтан болашаққа!

1-Жүргізуші:

1)Армысыздар құрметті ата-аналар және қонақтар! Бүгін бізде үлкен мереке. Яғни бұл мереке қуанышы мен қызығы мол балалардың Балабақшадан түлеп ұшып мектеп сапарына аттанатын мерекесі.

дауыс:

ЕРТЕГІ сөзі:Ерте, ерте, ертеде, тәрбие атты өлкеде, “Алтын ұя” атты сарайда, білім шашқан маңайға, ішіне бақ қоныпты. Іші өнерлі, өрелі балаларға толыпты. Сол сарайдың біріне 2023жылдың жазында, 25 бала келіпті.

25де көрікті, кіп-кішкене көздері , былдырлаған сөздері, ештеңені түсінбейтін таңырқаған көздері. Алдарына күлімдеп, балаларын күнім деп, тәрбиеші апайы шығыпты. Ұстаздарын сыйлаған, сол балалар өсіпті, буындары бекіпті. Балабақшаны аяқтар сәтте де келіп жетіпті. “Алтын ұя” жеке бөбекжай бақшасы балабақшадан түлеп ұшу кешін жасапты.

Балалар айтады тәрбиешіні шақырып

дауыс: Музыка

1 бала :Құрметті қонақтар армысыздар, (Баян)

Бәріңізде аман есен бармысыздар.

Қоштасатын күн келді балабақшамен,

Апайларға айтатын алғысымыз бар.

2 Бала: Ақ тілекті ақтарып бір тастайық, (Жаннұр)

Қолды соғып кешімізді бастайық.

Әдепті де өнерді де үйреткен,

Бақшамызды есімізге сақтайық.

3. Балалықтан өсірдіңіздер (Дарина)

Балалық кетсе кешірдіңіздер

Ұмытпаймыз сіздерді

Ұмытпаймыз сіздерді

Тәрбиешіміз Ақбөбек апаймызбен

Көмекші апаймыз Назгул апайды ортаға шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда

Мұндай күй болған сірә, қаншаңызда

Қол соғып қошеметпен шақырайық

Биылғы озат түлектерімізді ортамызға – деп , сүйікті балабақшасымен, қимастықпен қоштасатын 2026 ж **«Еркемай» ересек** тобының түлектерін қарсы алайық!

1. Алғыр, биязы жігіт Ибарһим мен ерке де пысық ару Асылым

2. Әдепті де салмақты жігіт Әміре мен мың бұралған сүйкімді ару Айсезім

3. Қайсар, жайсаң жігіт Мансур мен сүйкімді де, ақжарқын ару Муханова Медина

4. Мейірімді, кеңпейіл жігіт Нұрәли мен көркем, инабатты ару Медет Медина

5. Ойы ұшқыр , сабырлы жігіт Альбара мен ерке де сымбатты ару Баян

6. Сабырлы, ойы ұшқыр ару Жаннұр мен жан-жақты, биші ару Р.Асылай

7. Озат, тапқыр ару Айлинмен ақылды да өнерлі ару Дарина

8. Ақылды да сабырлы ару Балым мен мейірімді көркем ару Қ.Асылай

9. Сабырлы да, ұяң ару Фатимамен бойы ұзын, бота көзді Алуа

10. Әнші, биші аруымыз Айзиямен Зейінді , көрікті ару Аяла

11. Сабырлы да, ұяң ару Аишамен көркем, шығармашыл ару Алима
12. Спортқа шебер, мықты жігіт Нұралы мен Ақылды, әдепті ару Амина
13. Ерке , ойы ұшқыр жігіт Досхан пен Еңбекқор тіл алғыш жігіт Абдуллах

Жүргізуші:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық
Қоштасатын кешімізді біз бастайық
Жүздерінен көркем шаттық арайлы
Болсын солай әрбір күнің, әр-айың

Ертеңгіліміздің алғашқы сөзін Балабақша құрылтайшысы: Манарбек Хайырбекұлына беріледі.

1-Жүргізуші:

Жаңа өмір басталсын

Үміт сенім ақталсын

Алғашқы бүлдіршін әні

Көңілде мәңгі сақталсын –

демекші балақайларымыздың орындауында ХОР « Жұлдыз болғым келеді» қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Келесі кезекте балалардың балабақшаға арнаған тақпақтары

Тақпақтар

1 Бес жасқа толамыз

Әдепті бала боламыз

Қуантып ата ананы

Мектепке барамыз (Р.Асылай)

2 .Бұл қуаныш себебін

Бізге қарап ұғарсын

Ер жетті деп бөбегің

Ата анам қуанысын (Муханова Медина)

3.Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшаменен қоштасып

Даярлыққа барамыз (Медет Медина)

4. Қуантып әрі қинайды

Бақшамнан алыс кеткенім

Қажет қой бірақ білімнің

Теңізінен өткенім (Нұралы)

5.Тәрбие берген ұямыз

Тәртіпті бала боламыз

Қоштасып бала бақшамен

Біз мектепке барамыз. (Амина)

6.Балабақша есігін

Сәби болып ашқанбыз

Балапандай мәпелеп

Өсірді бізді бақшамыз (Қ.Асылай)

7.Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін. (Ибарһим)
8.Бақшамызбен қоштаса
Өмірге аяқ басайық
Бізді өсірген апайларға
Алғысымызды айтайық (Айзия)
9.Қош бол, енді бақшамыз.
Қимай сені барамыз.
Бал күндерді қиялдап,
Сағынармыз әлі біз. (Алима)

Құрметті ата-аналар, сіздердің үкілеген үміттеріңіздің бүгінгі кеште жұлдыз болп жануы
сіз бен біздің еншімізде! Ендеше алдарыңызда жұлдыз боп жанған балапандарыңыздың
алғашқы биін қарсы алыңыздар!
Ортада «Балабақша» биі

Жүргізуші:Бақша біздің панамыз.
Мектеп біздің анамыз
Ұлағатты ұстаздан
Білім алып барамыз.

ХОР : «Бақшамызға мың алғыс»

Жүргізуші: Ал, қанекей бастайық,
Тақпақтарды жаттайық.
Өнерлі бала ортада
Бәріміз бірге қолдайық. келесі кезекте балалардың тақпақтары:

1 .Қош бол «Алтын ұя» бақшамыз
Естен Кетпес есімің
Алғаш ашқан есігім
Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Даярлыққа барамыз. (Айлин)
2.Келді мін жыл соңы
Қоштасамыз, қараңыз.
Ұстаздарға рахмет,
Айтады бұл балаңыз. (Алуа)
3.Тәрбиеші апайым,
Жылы жүзді жан едің.
Бізге білім үйретіп,
Ақыл берген дана едің (Мансур)
4.Қолдап бізді әрқашан,
Жақсылыққа бастадың,
Рахмет сізге апайым,
Бақыт тілеп қош атам (Нурәли)
5.Кішкентай біз жұлдыздар,
Сіз жаққандай жанғанбыз
Тәрбиеші апайым,

Нұр бердіңіз санамызға (Альбара)
6.Әр күніміз ертегі
Сізбен бірге шуақты
Жүрегімізде мәңгілік,
Сіздің жылы шуақ бар. (Әміре)

7.Балабақша – көңілді үй,
Ойнап- күлген тәтті күй,
Апайларым мейірімді,
Рахмет саған алтын үй. (Фатима)

Жүргізуші:
Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек
Тұрғандай өзі қимылсыз билеп
Иықтан шашы төгіліп жерге
Күмісті шашбау жарасып белге – демекші сұлу қыздарымыздың орындауында

« Көгершін »биін қарсы алыңыздар!

Асылым,Алуа, Фатима,Аиша,Қ.Асылай Баян

Жүргізуші:
Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай
Мақсатына жетеме адам
Оқу оқып, білім алмай -деп ортаға балақайлар сендердің білімдеріңді тексеруге келген
БІЛІМ ханшайымын ортаға шақырамыз!
Қош келдіңіз білім Ханшайымы
-Сәлеметсіңдерме балалар! Ата-аналар!

Білім ханшайымы:
Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар! Мен БІЛІМ ХАНШАЙЫМЫМЫН. Балалардың
білім жолындағы өре жолдары ашық болсын, білім нәрімен сусындар мектеп атты білім
кемесінде қалықтай түссін!

Білім басы бақшада
Қол соғайық тамсана
Түлектерге ақ жол деп
Ақ тілекпен баршаңа

(Жалқаубек кіреді көңілді музыкамен)

Жалқаубек:
Мен көңілді ортада
Өзімді еркін сезінем
Балалармен ойнасам
Көңілденем көркейем.

Ал, мен мектепке бармаймын. Маған мектеп қызық та емес. Босқа уақыт өткізу. Ал
сендер босқа уақыт өткізіп мектепке барасындар. Сабақ оқисындар. Маған түк те
қызық емес. Маған әріптерің де сандарың да керегі жоқ. Оқып не бітірем.

Ханшайым:

-Ай досым кателесесің. Әріп білмей сан білмей қайда барам деп отсың.

Жалқаубек:

Маған мектеп қызық емес.

Ханшайым:

Жарайды! Алдыңнан кедергі шықпасын.

Көрініс..

Жалқаубек мектептен асығып үйне оралады.

Жалқайбек: Ой мына сөмекенің ауырынай шаршап кеттімғой,енді үй тапсырмасын қалай орындаймын.

Мүмкін анамнан сұрайын.

Жүргізуші осылай анасына жүгіреді.

Жалқаубек: Анашым анашым үй тапсырмасына көмектесесізбе

Анасы- Аиша: Жоқ балам менің уақытым жоқ

Жалқаубек: Ой енді нестеймін атама барайын

Жүргізуші: Осылай атасына барады

Жалқаубек : Аташым аташым үй тапсырмасын жасауға көмектесіңізші

Атасы – Ибарһим: Жоқ жоқ балам мен газет оқып отырмын.

Жалқаубек: енді нестеймін, аа әкеме барайын

Жүргізуші:Осылай әкесіне барады

Жалқаубек: әкешім маған үй тапсырмасын жасауға көмектесіңізші

Әкесі-Альбара : Жоқ жоқ балам менің қолым тимей жатыр.

Жалқаубек : Енді нестеймін АА апатайыма барайын

Жүргізуші: Осылай Апатайына барады

Жалқаубек: Апатай апатай маған үй тапсырмасын жасауға көмектесші

Апатайлары – Асылым- Мух. Медина: Жоқ жоқ біздер ойнап жатырмыз.

Жалқаубек : Ой енді нестеймін ааа әжеме барайын

Жүргізуші: Осылай әжесіне барады.

Жалқаубек: Әже әже үй тапсырмасын жасауға көмектесші

Әжесі: Алима- Әкеле қой балам сен ұйықтайғой.

Жүргізуші:Осылайша әжесі Жалқаубекті ұйқыға жіберіп өзі күні бойы үй тапсырмасын орында, сөмкесін дайындап қояды.Таңертен тұрғанда Жалқаубекті мектепке жіберді.

Әжесі: барағай балам сабағын дайын.

Жүргізуші. Осылайша Жалқаубек сабағына кетеді.Сабақтан қуанышпен оралады.

Күнделегін үй ішіне көрсетуге асығады. Ал бұл күнделікте мұғалімі әжесі жарайсыз 5 деген баға қояды.

Жүргізуші:Бұлай болама балалалар

Балалар:Жооқ

Жүргізуші:Үй тапсырмасын кім орындай керек

Балалар:біііз

Жалқаубек: Иа мен кішентей кезімде осындай болдым мен. Тапсырмамды өзім жасаған жоқпын әжем орындап берді. Бірақ балалар бүгін көріністен көрдіңдерго олай жасмаңдар ақылды болыңдар.

Кіші жалқаубек : Иа енді мен мектепке барғасын тапсырманы өзім орындаймын.

Білім ханшайымы:

Достым! Білім таусылмайтын кен. Сен менің айтқанымды тыңдасаң біздің балалар секілді сауатыңды ашып әріп танып санмен есеп шығара аласың. Қазір дамыған заман. Сен келіп оқымаймын дейсің. Мен балаларға құр қол келмедім, өздеріңізге ойын арқылы білімдеріңді тексеру үшін тапсырмалар әкелдім. Кім мықты кім білгір көрейік,кәне.

Ойын балалармен

Балаларды ортаға шығарып

Біз қандай мемлекетте тұрамыз (Қазақстан)

Қазақстан Республикасының президенті кім? (Қасым Жомарт Кемелұлы)

Математикалық ойын көрсету.

1. Кері санақ 5,4,3,2,1.

2. Тура санақ 1,2,3,4,5.

3. Сандарды дұрыс орналастыр. Шарты орны ауысқан сандарды дұрыс қою

1. Қазір қай мезгіл

2. Неше ай бар

3. Түстерді атау.

Жалқаубек:

Керемет. Маған барлығы ұнап келе жатқан секілді. Ендеше мен де оқып бастайын.

Сендермен бірге мектепке барғым келеді.

Жүргізуші:

Мектеп – кеме, білім – теңіз

Барар жерге тез жетеміз

Адаспаймыз ұлы жолда

Кітаптарымыз бар қолда демекші Еркемай-топ өнерпаздарының орындауында «Біз бақытты баламыз» әнін қабыл алыңыздар

Білім Ханшайымы:

Ал ендеше бүгінгі балалардың қуанышына келіп қалыппыз. Балапандарын үлкенн білім атты жолға баптап отырған ата аналарды көріп отырмын.

Құрметті ата-аналар , балалардың өнері ұнап жатыр ма? Енді сіздермен ойын ойнасақ...АТА АНАЛАРМЕН ОЙЫН

Мен сіздерге мақал айтамын, сіздер арасынан қалып қойған сөзді тауып, берілген әріптермен сол сөзді құрауларыңыз керек.Қазір сіздерге әріптер беріледі.

1. Бала тілі ----- (Бал

2.)Мектеп кеме не?----- теңіз (Білім)

3. Ненің алды қызыл тіл? (Өнер)

4. Жаңбырмен жер көгерер, Батамен не? көгерер. (Ел)

5. Кімге? қарап ұл өсер (Әкеге)

Шешеге қарап қыз өсер.

Жүргізуші:

Ұл қыздары көңілді

Шақырамыз ортаға
Тойымызға сән беріп
Би билесін шаттана – деп ортада би «Вальс» БИІ:

Нурәли-Медет Медин
Нұралы-Жаннур
Әміре-Айсезім
Ибарһим- Дарина
Мансур-Муханова Медина
Альбара-Баян

1-бала:
Алғыс айтып үйрендік біз бақшадан
Тәрбиенің бастауы ол қашаннан
Алғыс айтып рахметімді жеткізу
Парызымыз саналған ғой басынан (Р.Асылай)

Тәрбиеші :
Ендеше балабақша қызметкерлеріне қол соға отырып балалардың алғыс сөзін жеткізсек!

Балбақша құрылтайшысына немесе меңгерушісіне:
Бақшамыздың шамы боп
Жарқырайсың әр таңда
Басшымыз деп мақтанам
Сіздей жан жоқ бұл маңда (Балым)

Әдіскерге:
Әрбір ісің тәртіппен
Жол көрсетті биіктен
Бақшамыздың тірегі
Рахмет сізге шын ниетпен (Аяла)

Медбикеге
Ауырсақ та жүгіріп
Күттіңіз бізді мейірлеп
Ақ халатты періште
Алғысымыз шексіз тек (Аиша)

Аспазшыға
Дәмді асты дайындап
Қарнымызды тойдырдың
Мейірім таза көңілмен
Сүйікті аспаз апайым (Айсезім)

Тәрбиеші көмекшісіне
Тазалықты сақтадың
Бізге қамқор апай боп
Шаттанады көңілім
Сізді көрсем қуанып (Асылым)

(қызметкерлер ортадан шығып кетед)

Жүргізуші:

Мерекеде сызылатын ән салады
Ән айтып, би билеп те жан салады
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда
Бүкіл ел шапалақтап ән салады

«ҰСТАЗЫМ» әні: Алима, Айлин, Айзия

Жүргізуші:

Бірге ойнап, бірге жүрген,
Күндерімді қимаймыз.
Естелік болсын біздерден,
«Флешмоп» биін сыйлаймыз.

Би: «Флешмоп»

Жүргізуші:

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай
Мақсатына жетеме адам
Оқу оқып білім алмай

ХОР: Біз мектепке барамыз

Жүргізуші:

Гүлім, гүлім өсе бер
Әдемі боп асыл боп
Күндей жайнап кете бер
Қызыл, сары, жасыл боп

БАЛАЛАР АЙТАДЫ:

Біздер бес жастамыз
Сәбиліктен асқанбыз
Мектеп бізді шақырды
Қош бол балабақшамыз

Жүргізуші

Мектеп деген білім кені жыр кені
Мектеп деген ғылымның ең үлкені
Мектеп деген тәрбиеші адамға
Мектеп деген даналардың мекені
Құрметті ата-аналар, тәрбиешілер. Бітіруші бүлдіршіндеріміз өздерінің жолын басатын,
өздерінен кейінгі бүлдіршіндерге **Еркемай тобының ойыншықтарын** тапсырға рұқсат
етіңіздер!

Дарина Фатима

Күншуақ тобы: Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз,
Достарымызбен қоштасып

Шырқатып әнге саламыз.
Дарина Асылым: «Еркемайдың» ойыншықтарын
Ұстап алып қолыма
Тапсырамын аманаттап
«Күншуақтар» тобына
Күншуақ тобы: Қабыл алам ойыншықтарды,
Аманаттап тапсырған.
Жақсы оқып, жақсы ойнап
«Күншуақтар» атынан

Жүргізуші:Талай-талай баспалдақты аттармыз
Ата-ананың да үмітін ақтармыз
Балабақшам сенен алған ақылды
Есімізде өмір бойы сақтармыз!!!

Тәрбиеші: иа жоқ ойнайық балалалар,сендерге сұрақ қоямын сендер жауап бересіңдер.
Мектепке біз барамыз ба?
Кілең бастік аламызба?
Айтқан сөзді тыңдаймызба?
Нан жеймін деп жылаймызба?
Ақылды бала боламызба?
Ертеңгісін ерте тұрамызба?
Сабақта отырып ұйықтаймызба?
Ойыншықтармен ойнаймызба?
Жарайсыңдар, сұрақтарға мүдірмей жауап бердіңдар.

Тәрбиешімен бірге шеңбер жасау!!!

**НӘЗІК ТЕ ҰЛЫРЕГЕН , ӘДЕМІ ДЕ СҮЙКІМДІ МЕНІҢ 25 ТАЛ ГҮЛІМ
ӨСПІ, ӨНІП ЖАЙҚАЛА ТҮСТІ.**

**МЕН ОЛАРҒА АЛҒАШҚЫ КҮННЕН БАСТАП КҮН БОЛЫП ЖЫЛУЫМДЫ
ТӨГІП, ЖЕЛ БОЛЫП МАҢДАЙЫНАН СИПАП , ЖАҢБЫР БОЛЫП БІЛІМ
НӘРІМДІ СЕУІП МӘПЕЛЕП, АЛАҚАНЫМА САЛЫП, АЯЛАП ӨСІРДІМ.**

-МЕНІҢ ГҮЛДЕРІМ ЕРКЕЛЕП ЖАЙҚАЛДЫ,

-МЕНІҢ ГҮЛДЕРІМ СҮЙКІМДІЛІКТЕРІМЕН БАУРАП АЛДЫ ,

**-МЕНІҢ ГҮЛДЕРІМ КҮННЕН КҮНГЕ ӘДЕМІ БОЛЫП ӨСЕТІНІНЕ ,
СҮЙКІМДІ БОЛЫП, АҚЫЛДЫ АЛҒЫР БОЛАТЫНЫНА ЕШ КҮМӘНІМ
ЖОҚ.**

**МЕЕНІҢ АҚЫЛДЫ БАЛАҚАЙЛАРЫМ МЕКТЕПТЕ ОЗАТ БОЛЫҢДАР,
ЖОЛДАРЫҢ АШЫҚ БОЛСЫН!**

ӘН:Тәрбиеші айтады

Сөз ұсыну:
Абзал жандар биік тұлға байсалды
Құшақ жайып мерекені қарсы алды

Қуанышты жарқын тілек білдіріп
Құттықтайды әдіскер мен басшымыз бәрімізді! деп сөз кезегі Гулшат Утемисовна мен
Манарбек Хайырбекұлына беріледі.

Балаларға + ата-аналарға ДИПЛОМ тарату!!!

Ата-аналар сөзі

Қош сау болыңыздар!!!

Қортынды

Ересек топтың балабақшамен қоштасуына арналған мерекелік концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көтеріңкі көңіл күйде өтті. Іс-шараның мақсаты – бүлдіршіндердің балабақшада алған білімдері мен өнерлерін көрсету, мектепке шығарып салу және ата-аналарға мерекелік көңіл күй сыйлау болды.

Концерт барысында тәрбиеленушілер әсем әндер орындап, түрлі би биледі, тапқатарын мәнерлеп айтып, сахналық көріністер көрсетті. Балалар өз өнерлерін сенімді әрі еркін жеткізіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ән мен бидің әр нөмірі мерекенің мазмұнын аша түсіп, әсерлі көңіл күй қалыптастырды.

Іс-шараға ата-аналар мен педагогтер белсене қатысып, балалардың өнеріне ризашылықтарын білдірді. Концерт соңында бүлдіршіндерге ізгі тілектер айтылып, мектепке сәтті қадам басуларына ақ жол тілінді.

Қорытындылай келе, қоштасу концерті өз мақсатына жетіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін, сахна мәдениетін және өнерге деген қызығушылығын көрсетуге мүмкіндік берді. Мереке барлық қатысушыларға ұмытылмас әсер сыйлады.



«Менің әкем – полицей» сурет байқауының есебі

Балабақшамызда «Менің әкем – полицей» атты сурет байқауы өткізілді. Бұл байқауға «Еркемай » ересек тобының ересек тобы қатысты. Байқаудың мақсаты – полиция қызметкерлерінің еңбегін дәріптеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және құқық қорғау органдары қызметіне деген құрметті қалыптастыру.

Байқауға тәрбиеленушілер белсенді қатысып, өздерінің әкелеріне деген мақтанышы мен құрметін сурет арқылы бейнеледі. Байқау қорытындысы бойынша қатысушымыз Армат Ибарһим **Іорынға** ие болды. Жеңімпаз дипломмен марапатталды, және де Ауданға жолдама алды. Аудандық байқаудан 3 орын иеленді.

Өткізілген іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға және полиция қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды рөлін түсінуге ықпал етті.



Адалдық дүкенінің ережесі

Біздің «Адалдық дүкенімізде» әр бала адалдық пен жауапкершілікті үйренеді.

- Затты рұқсатсыз алуға болмайды.
- Ұнаған затты тек тәрбиешінің келісімімен немесе дүкен ережесіне сай алу керек.
- Алған затың үшін төлем жасау қажет.
- Біреудің затын сұрамай алуға болмайды.
- Әрқашан шыншыл, ұқыпты және әділ болайық!

Адал бала – сенімді бала!

<https://www.instagram.com/reel/DUS8D6jDPFY>



Іс-шара тақырыбы: «Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау»

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын алу мақсатында балабақшада өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында:

- Балаларға өрттің пайда болу себептері және оның қауіптілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- «101» өрт сөндіру қызметіне хабарласу тәртібі үйретілді.
- Өрт болған жағдайда қауіпсіз жерге шығу жолдары көрсетілді.
- Тәрбиешілер балалармен «Отпен ойнама», «Өрт қауіпсіздігі ережелері» тақырыптарында әңгіме өткізді.
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай тақпақтар, көрнекіліктер және ойындар арқылы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.
- Қызметкерлерге төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету тәртібі ескертілді.

<https://www.instagram.com/reel/DVGWnULjCE0>



Анықтама

Жиналыс барысы:

Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың оқу-тәрбие жұмыстары, күн тәртібі, денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы ақпарат берілді. Тәрбиеші ата-аналарды балалардың жетістіктерімен таныстырып, тәрбиелеу үдерісінде отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын айтты.

Қорытынды: Жиналысқа ата-аналар белсенді қатысып, күн тәртібінде қаралған барлық мәселелер бойынша ортақ шешімдер қабылданды. Балалардың жан-жақты дамуы үшін балабақша мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын жалғастыру туралы келісім жасалды.



